



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҚАЗАҚ ТІЛІ ҰЛТАРАЛЫҚ
ҚАТЫНАСТАР ТІЛІ
БОЛАТЫН УАҚЫТ КЕЛДІ!

9-бет



Азат ПЕРУАШЕВ:

ӨТПЕЛІ КЕЗЕҢДЕ
ӨЗГЕРІСТЕР КЕРЕК

4-бет



КАК КАЗАХСКИЙ СТАЛ
ЯЗЫКОМ ГОРОДСКИХ
СУБКУЛЬТУР И УЛИЧНОГО
ИСКУССТВА

13-бет

ҚАЗАҚ ҮНІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№32-33 (850-851), 30.08.2019-06.09.2019

ҰЛТТЫҚ КЕҢЕС ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ ҚОРҒАУЫ ТИІС



ОЛ КЕЗДЕ
КҮН ЖАРЫҚ
ЕДІ...

*Жұматай Жақымбаев
туралы жаңа кітаптан*

Жүмекең бір қызық адам еді. Қазір ойласам, бастан кешкен тамаша сәттер аз болмапты. Орындалмаған жалғыз арманым бар екен. Қызық! Арманым сол Жұматай да, мен де, әттең, ақын болмағанымызда ғой! Бақытты ғұмыр кешетін едік...

10-11
бет



Мемлекеттік тілді білмеген адам мемлекеттік қызметке де, жоғары оқу орнына да қабылданбауы тиіс. Міне, сонда әркім, ешқандай мемлекеттің ақша-сынсыз-ақ мемлекеттік тілді 1 жылда үйреніп алады. 30 жылда емес! 30 жылда ешкім, ешқандай мемлекеттік қызметкер 30 сөз үйренбесе, онда біздің бүгінгі күн талабына жауап бере алмайтын заңымыздың не құны қалды? Жақында ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың қабылдауында болып, қазақ тілінің ауыр ахуалы туралы сөз қозғаған белгілі жазушы Смағұл Елубай Тіл туралы заңымыз жайлы таяуда өткен Алматыдағы Жазушылар Одағындағы қаламгерлер жиынында «30 жылда түк бітірмеген заң» деп, тура бағасын берді.

3
бет



Қазыбек ИСА:

**СОТ ӨТКЕН САЙЫН
ИСЛАМ ӘЫШТИ ЕМЕС, СОТ ПЕН
АЙЫПТАУШЫЛАРДЫ АЯЙМЫН...**
**ЖҮЗ АЛПЫС МЫҢ ҚОЛ –
ХАЛЫҚ ҮНІ, ХАЛЫҚ ДАУЫСЫ!**

6
бет

ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА, ИЛИ СЕМЕРО С ЛОЖКОЙ У КАЗАНА

Наконец наступило «определение берега»: прозвучало первое Послание президента Касым-Жомарта Токаева, которое подготовил сам. Объяснил все четко, конкретно и по существу. Видно, что глава государства мониторит социальные сети и в курсе всего, чем живет общество, и остановился на многих вопросах, которые волнуют наших граждан. В отличие от предыдущих посланий не было пафоса и «планов громадье» на будущее, наоборот признаны недостатки, подняты злободневные простые проблемы и высказано желание менять сложившуюся ситуацию...



7
бет



**СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚҚА
ҚАРСЫ КҮРЕС
ОРГАНДАРЫНДА
ПЕРІШТЕЛЕР
ЖҰМЫС ІСТЕП
ОТЫРҒАН ЖОҚ...**

7
бет

ЖОЛДАУ: ЕЛІМІЗДІҢ ӘРБІР ТҮРҒЫНЫ ОҢ ӨЗГЕРІСТІ СЕЗІНУІ ТИІС

«Президент туралы» конституциялық заңның 12-бабына сәйкес, мемлекет басшысы жыл сайын халыққа елдегі ахуал және республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы ауызша немесе жазбаша Жолдау жасауға құқылы. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұлықтау рәсімінен кейін алғаш рет халыққа Жолдау арнады.

«Мен халыққа берген уәделерімді міндетті түрде орындаймын!» Алтыншы шақырылымдағы Парламенттің 5-ші сессиясын ашқан Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған жолдауында айтылған бұл мәлімдеме көпшіліктің көкейіне жаңа бір сенім ұялатқандай болды. Жолдауда елімізді толғандыратын көптеген мәселелер қозғалды. Соның ішінде экономика, ішкі-сыртқы саясат, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын көтеру, білім, медицина саласын дамыту алдымен баса айтылды. Ұлттық қорды тиімді пайдалану мәселесі қаралып, еліміздің бюджеті екі негізгі мақсатқа бағытталуы тиіс — экономиканы дамыту және әлеуметтік мәселелерді шешу, еңбекақы төлеу деңгейін арттыру.

Әсіресе, ұлтымызды ерекше алаңдатып келген көкейкесті мәселе — қазақ жерінің ешкімге сатылмайтынын қадап айтқаны көңілге қонымды болды. «Мемлекет басшысы ретінде тағы да мәлімдеймін: жеріміз шетелдіктерге



сатылмайды. Оған жол берілмейді. Бұл мәселе бойынша қауесет таратуды доғару керек. Бірақ жерді тиімді пайдалануды қамтамасыз ету — біздің міндетіміз». — деді мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақ тілінің мәртебесі» туралы мәлімдемесінің де маңызы зор дер едік. «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесіндегі деңгейі көтеріліп келеді. Қазақ тілінің ұлтаралық қатынас тіліне айналатын уақыт келді. Бұл үшін барлығымыз жұмыла әрекет етуіміз қажет», — деді Президент.

Жолдауда отандастарымыздың құқығын қорғау мен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету де сөз болды. Ол үшін құқық қорғау орындары мен сот саласына күрделі реформа қажеттігі айтылды. Сөз бостандығы мен адамдардың өз ой-пікірін еркін білдіретін бейбіт мақсаттағы шаралар өткізетін орынды қаланың шетіндегі таса

жерлер емес, орталықтан лайықты орын белгілеу тапсырылды. Егер заң бұзушылыққа жол берілсе қатаң шаралар қолданылатыны да ескертілді.

«Әлеуметтік және этникалық топтар арасындағы келісім — бүкіл қоғамның бірлескен еңбегінің нәтижесі. Осыған орай, саяси үрдістерді саралап, бірлігімізді нығайта түсу үшін нақты шаралар қабылдау керек. Қазақ халқының мемлекет құраушы ұлт ретіндегі рөлін бекемдеп, этносаралық татулық пен дінаралық түсіністікті қалыптастыра беруіміз қажет» — деді қоғамдық келісімді нығайту туралы өз ойын білдірген президент. Сөйтіп жаңадан сайланған президентіміздің алғашқы жолдауы халыққа жол тартты. Енді онда айтылған бағдарламаларды нақты іске асыру міндеті тұр еліміздің алдында. Қалай болғанда да әрбір тұрғындарымыз оң өзгерісті сезінуге тиісті.

БІРІНШІ БАСШЫЛАРҒА ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЛДІ

Үкімет басшысы Асқар Мамин Президенттің Жолдауындағы тапсырмаларға сәйкес жалпыұлттық іс-шаралар жоспары дайындалатынын мәлімдеді.

«Жолдаудағы барлық бағыттар бойынша жалпыұлттық іс-шаралар жоспары дайындалады. Мемлекет басшысының жолдауының іске асырылуы толығымен қаржылай қамтамасыз етілуі қажет. Барлық мемлекеттік органдарға жалпыұлттық іс-шаралар жоспары бойынша ұсыныстарды Ұлттық экономика министрлігіне 5 қыркүйекке дейін өткізуді тапсырамын. Ал ҰЭМ тиісті қаулы жобасын 7 қыркүйекте Үкіметке енгізу керек», — деді Асқар Мамин Үкімет отырысында. Премьер-министр өз сөзінде Мемлекет басшысына бекітуге өткізу үшін келесі оты-



рыста жалпыұлттық іс-шаралар жоспары мақұлданыуы тиіс екенін жеткізді. «Мемлекет басшысының тапсырмасын орындауға бірінші басшылар дербес жауапты екенін назарларыңызға саламын. Президенттің әрбір тапсырмасын орындау қатаң бақылауға алынып, орындаудың нақты мерзімі белгіленуі қажет. Біз қойылған міндеттерді тиімді шешу бойынша үйлесімді жұмыс жүргізуіміз керек», — деді Асқар Мамин.

БИЫЛ АСТЫҚ ӨНІМІ ТӨМЕН

Биыл өткен жылға қарағанда 1-1,5 млн. тонна астық кем бастырылады. Бұл туралы Үкімет отырысынан кейінгі баспасөз мәслихатында Ауыл шаруашылығы министрі Сапархан Омаров айтты. Осыған орай ел арасында нан бағасы қымбаттауы мүмкін деген күдік те жоқ емес.

«Жыл басынан нан бағасы қымбаттап келе жатыр дегеніңіз дұрыс емес. Себебі жылдың басында осы жерде брифинг өткізіп, нан бағасын ұстап тұру үшін Азық-түлік келісімшарт корпорациясы 100-150 мың тоннаға дейін астықты нан пісіретін комбинаттарға төмендетілген бағамен сататындығын айтқанмын. Сол бидайдың 100 мың тоннасын саттық. Нанның бағасы содан бері тұрақты», — деді министр БАҚ өкілдерінің сауалына орай.

Сонымен қатар ол ауа райының қолайсыздығына байланысты биылғы жылы 1-1,5 млн. тонна астық кем жиналатындығын айтты. «Астықтың кем жиналуы ішкі нарыққа әсер етпейді.



Өйткені, 19 млн. тонна астық жинайтын болсақ, оның 9 миллионы ішкі нарыққа қалады. 7-8 млн. тоннасын экспортқа шығарамыз. Ар жағында 2 млн. тағы қалады. Оның үстіне былтырғы жылдан қалған ауыспалы 1,5 млн. астық бар. Сонымен ішкі нарықты қамтамасыз етуге астық көлемі жеткілікті болады. Бұған қоса, нан пісіретін кәсіпорындарды үнмен, құс фабрикаларын жемдік астықпен қамтамасыз ету үшін корпорация сатып алатын 1 млн. тоннаның 150 мың тоннасын нан пісірушілерге, 100 мың тоннасын құс фабрикаларына резервте ұстап отырамыз», — деді Сапархан Омаров.

ӘКІМДЕР ЖОҒАРЫ ЖАЛАҚЫСЫН АҚТАП ЖАТЫР МА?

Төмен еңбекақымен күн көріп, бірді-бірге жалғаған қарапайым халықтың басым бөлігі біздің лауазымдылардың шайлығын былай қойғанда айлығының қандай көлемде екенін біле бермейді. Жакында елорда әкімі Алтай Көлгінов қанша жалақы алатынын айтты, — деп хабарлады «Хабар 24» агенттігі.



«Сұхбат» бағдарламасы кезінде қала басшысы елордаға ауысқанына қарамастан жалақысы өзгермегенін ашық айтты. Батыс Қазақстан облысының әкімі болып тұрғанда ол 762 000 теңге айлық алады екен. «Жалақым өзгеріссіз қалды, алайда еңбек өтіліне байланысты көбейіп отырады. Онда жаңа ештеңе жоқ. Жұмыс тура сол сияқты, алайда елордада жүктеме көбірек», — деп ағынан жарылыпты А.Көлгінов. Бас қала Көлгінов үшін бөтен емес, ол 11 жыл елордада тұрған. Қазір лауазымдыларға талап қойылып

жатқанмен әлеуметтік желідегі парақшаларын өзі жүргізбейтінін мойындапты.

Ия, біздің әкімдер, министрлер мен депутаттар жалақымыз мардымсыз деп айтуға ауыздар бармайтыны анық. Халық есебінен олардың тұрмыстық жағдайы толықтай жасалған, ешқандай таршылық көріп отырған жоқ. Таң атқаннан күн батқанға дейін ауа райының ыстық-суығына қарамай құрылыста немесе жер астында кеніште өмірлерін қатерге тігіп ақ тер, көк тер боп еңбек еткен

жұмысшылар да ондай жалақыны өні түгіл түсінде көрмейді. Жоғары жалақысынан бөлек қызмет бабын пайдаланып көлденең табыс табатындары да жасырын емес. «Байдың асын жарлы қызғаныптының» керін келтірмей-ақ қоялық. Мәселе, сол лауазымдылар халық есебінен алатын жоғары жалақыларын ақтап жатыр ма? Мемлекеттік бағдарламаға бөлінген қомақты қаржыны уақытында мақсатты игермей, орынбасарлары жемқорлыққа салынған жоғары лауазымдылардың қызметі қызып тұр деп айту қиын. Бұл өз алдына жеке талдауды талап ететін үлкен мәселе. Жоғары жалақы алып, ештеңе бітпемей жайылып жүретін басшылардан арылатын күн бола ма? Көлгінов айтқандай еңбек өтілі мен лауазымына емес, әкімдер мен министрлерге атқарған қызметінің нәтижесіне қарай жалақы төлейтін жаңа тәсілді қолданатын уақыт жеткен сияқты.

ХАЛЫҚ БОЖКОНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕН КЕТУІН ТАЛАП ЕТУДЕ

Мәжіліс төрағасының орынбасары Владимир Божконың сөзі халықтың ашу-ызасын туғызуда. Осыған байланысты әлеуметтік желіде Божкоға пікірін ашық әрі қатқыл айтқандардың қатары көбейе түсті. Тіпті, оны депутаттықтан кетіру туралы пікірлер де айтыла бастады, — деп жазды «Қамшы» сайты.



Ескерте кетсек, Мәжіліс вице-спикері Владимир Божко «халық биліктің не істеп жатқанын көріп, түсіністік танытуы керек. Иә, үш жыл ішінде халықты әлеуметтік қолдау 17 есеөсті. Бұл үшін, кешіріңіз мені, қазақстандықтар билікке тізерлеп тұрып алғысын айтуы керек» деген болатын.

Осыған байланысты әлеуметтік желіде өз пікірін білдірген Мұхтар Тайжан «Осы сөзі үшін Владимир Божко

Қазақстан халқынан кешірім сұрауы керек» дейді.

— Сіз депутатсыз, нақты айтқанда, вице-спикерсіз, сіз балаларыңызбен немесе немерелеріңізбен солай сөйлесіңіз. Қазақстан халқымен емес. Егер Божко халық алдында кешірім сұрамайтын болса, онда «НұрОтан» партиясының аталған лауазымға лайықты, лайықсыз қарайтын болсын», — деді қоғам белсендісі Мұхтар Тайжан фейсбук парақшасында.

АЗИЯ ҚАЛАМҒЕРЛЕРІ БАС ҚОСТЫ

Елордада Азия елдерінің қаламгерлері бас қосқан I форум өз жұмысын бастады.

Жүздеген жазушылар жиналып, әркім өз елдеріндегі әдебиетке қатысты мәселелері мен жетістіктерін, ағымдарын ортаға салып, өзара жүздесіп пікір алмасады. Әрине, мұндай кездесулердің қаламгерлерге берері көп, өзге елдердегі әріптестерінің шығармашылығымен танысып, тәжірибе алмасып, өз жетістіктерін де жеткізуге мүмкіндік алады. Айта кетелік, осы тектес ірі шығармашылық кездесу сонау 1973 жылы Алматыда Азия-Африка қаламгерлерінің басын қосқан болатын. Жарты ғасырға жуық уақыттан соң өтетін бұл форум біздің қаламгерлерге жаңа серпін береді деп сенеміз.



ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Кеңестің алғашқы жұмыс күні басталды. Ұлттық Кеңесті ҚР Президенті Әкімшілігі басшысы, Ұлттық кеңес төрағасының орынбасары Қырымбек Көшербаев ашып, жүргізіп отырды. Президент кеңесшісі, Ұлттық Кеңес хатшысы Ерлан Қарин ұйымдастыру жұмысы бойынша хабарлама жасады. Кеңес жұмысына ҚР Президенті көмекшісі Мәулен Әшімбаев қатысып отырды. Ұлттық Кеңесте Саяси модернизация, Әлеуметтік-мәдени және Экономикалық үш жұмыс тобы құрылды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша оншақты адам сөз сөйлегенін хабарлап кеткенбіз.

ҰЛТТЫҚ КЕҢЕС ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ ҚОРҒАУЫ ТИІС



Алғашқылардың қатарында сөз бергесін, мен Ұлттық Кеңестен халқымыздың үлкен үміт күтіп отырғанына баса назар аудардым. «Бүгінгі күні қоғамда күйіп тұрған мәселелер Ұлттық Кеңесте қаралуы керек. Ол маңызы зор мәселенің бәрі тек билікке ұсыныс болып қана, сөз жүзінде қалмай, өз шешімін тауып, нәтижелі болуы керек. Сонда ғана бүгінде билікке бейжай қарайтын халықтың Ұлттық Кеңеске үміті арта түседі.

Сонымен бірге Әлеуметтік топ атына кеңірек ауқым беру үшін Әлеуметтік-мәдени немесе Әлеуметтік рухани топ деп атау керек. Негізі Ұлттық идеологиялық мәселелерді төртінші топ ретінде жеке құрса, тіпті дұрыс болар еді» деген ұсыныс енгіздім.

Бұл ұсынысты менен кейінгі сөйлеген белгілі журналист, қоғам қайраткері Сейдахмет Құттықадам бастаған кеңес мүшелері қолдап шықты.

Ақтаудан ат арытып келген маңғыстаулық қоғам қайраткері Жәнібек Қожық Ұлттық Кеңестің тілі – мемлекеттік тіл болуы керектігін талап етті. «Парламент пен Үкімет орыс тілінде сөйлейді, енді ұлттық Кеңес те орыс тілінде сөйлесе, біздің олардан айырмалы қандай?», – деп түйіндеді ол өз сөзін.

Жиынды қорытқан ҚР Президенті Әкімшілігі басшысы Қырымбек Көшербаев жиналғандарға Ұлттық Кеңес мүшесі куәлігін тапсырды.

Содан соң Ұлттық Кеңестің жұмысы жасақталған үш топта жалғасты.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚҰҚЫН КІМ ҚОРҒАЙДЫ?!

Белгілі саясаттанушы Берік Әбдіғалиұлының ұсынысымен Ұлттық Кеңестің Әлеуметтік-мәдени жұмыс тобының жетекшісі болып бекітілген қоғам қайраткері Мұрат Әбенев сағат тілімен топ мүшелерінің бәрине

сөз беріп шықты. Ең алдымен топтың атын Әлеуметтік-мәдени топ деген ұсынысқа келістік. Екінші мәселе жұмыс барысын реттеуге байланысты ұсыныстар айтылды. Үшінші, негізгі мәселе – 6 қыркүйек күні өтетін Ұлттық Кеңестің алғашқы мәжілісіне қандай тақырыптарды шығару керектігін анықтау.

Мен Ұлттық Кеңестің көшпелі мәжілісі болатын болса, Әлеуметтік топ сапарын алдымен ашық күнде аспаннан бомба жауған Арыс қаласынан бастауды ұсындым. Арыстықтардың арызын тыңдап, күз түсіп келе жатқанда ең алдымен баспана мәселелерінің тезірек шешімін табуға ықпал етуіміз керектігін айттым.

Қазақстан Киноматографистер одағының төрағасы, режиссер Ермек Тұрсынов мәдениет саласын, Мәжіліс депутаты Бекболат Тілеухан, Ұлттық аударма бюросы төрағасы Рауан Кенжетханұлы, саясаттанушы Саясат Нұрбек және Мұрат Әбенев білім берудегі түйткілдерді, Ауыт Мұқибек көші-қон мәселесін сөз етті. Бекболат Тілеухан сонымен бірге Ұлттық арнадан бастап, телеарналардың бәрінде ән мен жеңілтек шоу хабарлардың қаптап кеткеніне қынжылыс білдірді.

Заңгер Айгүл Орынбек қазір қазақтың құқы қорғалмай, қандай кикілжің болса да, алдымен қазақтар жазықсыз жәбірленетінін айтты. «Түркістан облысы Жетісай ауданында Фирдоуси деген тәжік ағайындардың ауылы бар. Ол мемлекет ішіндегі мемлекет. Мектеп директоры болып, бір қазақ әйелі барып еді, күнде кокан-локкы жасайды. Жағын сындырды, мәшинесін қақты. Телефонына күнде «Тез бұл мектептен кетпесең өзіңді немесе қызыңды өлтіреміз» деп жазба жібереді. Бәрінің нақты дәлелі бар. Жәбірленуші мектеп директорына қорғаушы болған маған «Сен қалай біздің рұқсатымызсыз біздің ауылға кіресің?» деп, қорқытпақшы болды. Бұларға заң

бар ма, жоқ па? Қазақтың құқын кім қорғайды», – деді ашынып.

Жұмыс тобында сөйлеген кеңес мүшелерінің басым бөлігі, Қазақ тілінің қазіргі ауыр жағдайына алаңдады. Атап айтқанда, жазушы-журналист, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Дәурен Қуат, заңгер Айгүл Орынбек, дінтанушы Қайрат Жолдыбайұлы, маңғыстаулық Жәнібек Қожық, саясаттанушы Берік Әбдіғалиұлы қазір қоғамда күйіп тұрған мәселе – ең алдымен мемлекеттік тіл мәселесін шешіп алу керектігіне баса назар аударды.

Мәжіліс депутаты, коммунист Жамбыл Ахметбеков әдеттегідей өз репертуарынан айнымай, Тәуелсіздік алғанымызға 28 жыл болса да, «Тіл туралы заңға тиісу әлі ерте» деген сөз айтты. Бекболат Тілеухан: «Тіл туралы заңның тек бір ғана 23-ші бабын өзгертсек, жетіп жатыр, ертең қырғын айқай-шу болады, оның не керегі бар» деген ойын білдірді.

Мен екі депутатқа: «Ұлттық Кеңесті құрған Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Ұлттық Кеңес халықтың үнін билікке жеткізуі керек», – деп атап тұрып айтты. Ендеше, халықтың 30 жылдан бері ең бірінші талап етіп отырғаны – Мемлекеттік тіл туралы заң! Ешнәрсеге тиіспей, ескі заңды шұқылап қана қойып, есіміз кетіп отырсақ, онда ел үмітін оятып, Ұлттық Кеңесті не үшін құрдық?!» – деп қарсылық білдірдім. Заңгер Айгүл Орынбек те: «Біз де енді депутаттар сияқты тып-тыныш, бәріне бас шұғып отыра беруіміз керек пе? Ел қазір биліктің сөйлейтін тілін түсінбейді?!» – деп салды...

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢ КЕРЕК

Иә, Тәуелсіздік алғанына 28 жыл болған мемлекетімізде әліге дейін Мемлекеттік тіл туралы заң жоқ!

2012 жылы «Ақ жол» партиясының жасаған Мемлекеттік тіл туралы заң жобасын, яғни Қазақ тілі туралы заң жобасын Қазақ үкіметі өткізбей тастады.

Енді Мемлекеттік тіл туралы мықты заңды халықтың қолдауымен, Ұлттық Кеңестің ұйғарымымен Парламент қабылдауы тиіс. Өйткені, Елбасымыздың өзі «Елді біріктіруші фактор – мемлекеттік тіл» деп мәлімдегені белгілі. Сөз өте дұрыс айтылды – бір тіл болмай бірікпейді ел! Тек осы әдемі сөз әдеттегідей іс жүзіне аспай келеді.

Ең алдымен мемлекеттік тілдің – қазақ тілінің қажеттілігін тудыратын, әр адамға міндеттейтін заң қажет.

Мемлекеттік тілді білмеген адам мемлекеттік қызметке де, жоғары оқу орнына да қабылданбауы тиіс. Міне, сонда әркім, ешқандай мемлекеттің ақшасынсыз-ақ мемлекеттік тілді 1 жылда үйреніп алады. 30 жылда емес! 30 жылда ешкім, ешқандай мемлекеттік қызметкер 30 сөз үйренбесе, онда біздің бүгінгі күн талабына жауап бере алмайтын заңымыздың не құны қалды?

Жақында ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың қабылдауында болып, қазақ тілінің ауыр ахуалы туралы сөз қозғаған белгілі жазушы Смағұл Елубай Тіл туралы заңымыз жайлы таяуда өткен Алматыдағы Жазушылар Одағындағы қаламгерлер жиынында «30 жылда түк бітірмеген заң» деп, тура бағасын берді.

Шет тілін бірінші сыныптан оқыту туралы келешегімізге кесір келенсіздікке бұрыннан қарсылығын танытып келе жатқан Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев мұғалімдердің тамыз кеңесінде бұл мәселеге нүкте қойды десек те болады. Енді ата-аналар қалауымен шет тілін екінші-үшінші сыныптардан немесе бесінші сыныптан кейін оқыту мәселесі күн тәртібіне шықты. Негізі бір тоқтамға келіп, шет тілін бастауыш сыныптан кейін оқыту дұрыс деп білеміз. Өйткені, дүние жүзілік тәжірибе бойынша бала 12 жасқа дейін тек өзінің ана тілін емуі керек. Әлемнің бір де бір елінде үш тіл оқытылмайды. Әр мемлекетте бастауыш сыныпта балалардың тек өз тілінде оқуының артықшылығы және бастауыш сыныпта шет тілінде оқудың зияны туралы тұжырым ғылыми дәлелденген қағида екені ақиқат. Бұған мың бір мысалдың бірі ретінде Жапония секілді озық ойлы дамыған мемлекеттерді алсақ та жеткілікті.

Ал кезінде шет тілін бастауыштан кейін оқып-ақ, Біріккен Ұлттар Ұйымы төрағасының орынбасарлығына дейін көтерілген, әлем мінберінде ағылшында талай сөйлеп жүргені, бүгінде Қазақстан Президенті болып отырған Қасым-Жомарт Тоқаевтың тұлғасы нағыз көрнекті үлгі, – өзі айтқандай, балаға шет тілін бастауыштан кейін оқыту – талқылаусыз тандау, өмірлік өзекті қағида екенін анық білдіріп тұр!

Ұлттық идеологияның кемдігі көзге ұрып тұрған елде Ұлттық рухты көтеру бүгінгі күннің ең маңызды талабы. Кешегі тари-

хы терең Ұлытауға Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың кешегі ұлт тарихындағы рөлі зор Ұлытауға сапары мен ұлағатты сөздері рухымызды көтеріп, еңсемізді биіктетіп кетті. Еуразия кеңістігіндегі ерекше зор, алып империя Алтын орданың 750 жылдығын мерекелеу туралы елдік маңызы ерекше бағалы бастама жасаған мемлекет басшысы: «Шыңғыс ханның үлкен ұлы – Жошының мазары қазак жерінде тұрғанын бүгінде еліміздегі және шетелдегі жұртшылықтың көбі біле бермейді. Оның тарихи тұлғасына әлемнің назарын аударып, кесенесін мәдени туризм нысанына айналдыру – өте маңызды міндет», – деп атап өтті.

Иә, Алтын Орданың атасы Жошы ханның тұлғасын асқақтату – түгел түркіге ортақ игілікті іс. Ал Алтын Орданың алғашқы астанасы Сарайшық та, Алтын Орданың тізгінін баласы Бату ханға тапсырып кеткен әкесі ұлы хан Жошы да Қазақ жерінде жатыр... Жошы – Шыңғыс ханның бірінші әйелі, қазақ қызы, қонырат Бөртеден туған тұңғыш ұлы. Әрі Жошы ханның Ұлытауда таққа отырғанына 2023 жылы 800 жыл толады. Міне, Қазақстан Президенті айтқандай, Жошы ханға әлем назарын нағыз аударар кезең басталды деуге болады.

Бұған ұлт зиялылары не дейді? Қазақтың тарихынан, анызы мен күйлерінен берік орын алған Алтын Орда мен Жошы хан тұлғасы әдебиетіміз бен мәдениетімізде, ғылым мен кино және бейнелеу өнерінде қалай көрініс таппақ! Рухымызды көтерер алып империя Алтын Ордамыздың тарихын күнделікті нәр берер рухани айналымға қалай қосамыз? Иә, мектеп пен жоғары оқу орындары оқулықтарында бұл бағалы да, баянды тақырыпқа басты назар аудару керек.

Сонымен, Ұлттық Кеңестің жұмыс тобы жиынын қорытқан Берік Әбдіғалиұлының: «Ұлттық Кеңестің 6 қыркүйектегі алғашқы мәжілісінде мемлекеттік тіл, шет тілдерін оқыту, жалпы ұлттық мүддені қорғау, рухымызды көтеру мәселелері туралы Қазыбек Иса, Білім беру мәселесі жайлы Саясат Нұрбек сөйлесін», – деген ұсынысын кеңес мүшелері бір ауыздан қолдады.

Енді Ұлттық Кеңестің алғашқы мәжілісі 6 қыркүйекте ҚР Президенті, Ұлттық Кеңес төрағасы Қ.Тоқаевтың қатысуымен өтеді.

Қазыбек ИСА,
ҚР Президенті жанындағы
Ұлттық Кеңес мүшесі



Осы саяси маусым кетіп бара жатқан жаздың аптабындай ыстық болатыны сөзсіз. Президенттің жолдауынан бастау алған жаңа парламенттік сессиямен қатар, билік пен қоғамның қарым-қатынасының дамуын жетілдіре түсетін Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі де өз жұмысын бастады. Бұл мәселенің келешегі қандай болатынын «Ақ жол» партиясы парламенттік фракциясының жетекшісі Азат Перуашев айтып берді.

Азат ПЕРУАШЕВ:

ӨТПЕЛІ КЕЗЕҢДЕ ӨЗГЕРІСТЕР

— Азат Тұрлыбекұлы, Президент сайлауынан соң әлеуметтік желілер билікті сынап, саяси бағытты өзгерту және т.б. талаптарды жиі қоя бастады. Сіздің ойыңызша, ол талаптар орынды ма?

— Шынымен де, билік қарапайым кейіпке еніп, жұртқа жақындауға тырысуда. Қоғам белсенділері мен әлеуметтік желі қолданушыларымен санасуға міндеттіміз, олардың құқықтарына құрметпен қарап, ақылға сыйымды ой-пікірлерін кәдеге жаратуымыз керек. Дегенмен, ұлттың бақуатты өмірі жөніндегі жауапкершілік кез келген жағдайда мемлекеттің мойнына жүктелетінін де ұмытпау керек. Одан бөлек, мемлекет мүддесі талап етіп тұрса, билік кей кезде жалпыға бірдей ұнамауы мүмкін шешімдер қабылдауға да мәжбүр болады. Қоғамның өзгеріп жатқаны жасырын емес. Мәселе осы жүйені, жаңадан пайда болған тіршілік ахуалына — оның ішінде, әлеуметтік желіге бейімдеу. Тек сонда ғана бұл жүйе бір жағынан кері байланыстың сенімді арнасына және биліктің халық алдында есеп беру құралына айналып, екінші жағынан мемлекеттің халықты оңтайлы басқарып, зәекті мәселелерді жылдам шешуіне мүмкіндік береді. Өзгерістер қажет, онсыз болмайтын да сияқты. Бірақ оларды бірнеше қадамға болжап, жоспарлап қою керек.

— Адамдардың ұсынған талаптары да осы емес пе: сайлау тәртібін өзгерту, тәуелсіз депутаттарға жол ашу, партия құруды жеңілдету және т.с.с.?

— Мұндай идеялар талқылануы тиіс. Кез келген саяси жүйе уақыт талабына сай өзгеріп дамып отыруы шарт. Бірақ мен өзгерісті басқадан бастар едім. Жаксы депутат пен дұрыс партияны таңдау жеткіліксіз. Мұндайда, мемлекет саясатын анықтайтын мүмкіндіктердің болуы маңыздырақ. Бұл не деген сөз? Ең алдымен, бұл — қаржы жағы, себебі онсыз бірденені бастау мүмкін емес.

Атқарушы органдардың қарсылығына қарамастан, сайлаушылардың мұқтаждарына

сәйкес мәслихат пен парламентке бюджет қаражатын қайта бөлу құқығын беру керек. Бүгінде заң бойынша депутаттың бірде-бір бюджеттік ұсынысы үкімет рұқсатынсыз қарастырылмайды. Ал, сайлаушылардың сенімін арқалаған, олардың алдында есеп беретін министрлер емес, депутаттар ғой. Әрине, депутаттардың тікелей бюджеттендіру құқығын белгілі бір үлес мөлшерімен (бюджет шығынының бір-екі процентімен) шектеген абзал, бірақ оның қандай да болса, болғаны абзал. Егер депутаттар сайлаушылардың талап-тілегі бойынша тікелей қаржыландыру өкілеттігіне ие болғанда, бүгінгі күні көпбалалылар мәселесі өткір қойылып, тұрғын үй тапшылығы орын алмайтын, ал Арыстағы қару-жарак қоймалары бұдан 10 жыл бұрын шығарылатын еді. Мемлекеттің мүмкіндіктері шексіз емес және ол нақты бюджетпен белгіленеді. Бірақ болса да елдегі мемлекет қаражатының қомақты бөлігі бюджеттен тыс бөлінуде. Сол себепті келесі маңызды қадамдардың бірі — барлық мемлекеттік қаражатты қоғамның бақылауына алу. Біріншіден, бұл — ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындардың бюджеттері. Бұл сектор мемлекеттің қаржылық мүмкіндіктерін азайтып, байлар мен кедейлер арасындағы әлеуметтік алшақтығына негіз болып отыр. Осы арада сыбайлас жемқорлық жайындағы дау-дамайлар, жымқыру жағдайлары ұдайы орын алуы; сыртқы қарыздың қомақты үлесін квазимемлекеттік мекемелердің құрауы; орасан зор шығындарға қарамастан, менеджерлер өздеріне миллиондаған сомадағы сыйақы жаздыруы және т.с.с. Сондықтан министрлік пен әкімдіктердің қарамағындағы «РПП» мен «ТОО»-лар, Ұлттық компаниялар мен олардың еншілестерінің бюджеті толық ашық болып, республикалық пен аймақтық бюджетке кіріп, басшылары құзырлы органдарға нәтижелері туралы есеп беруге тиіс. Екіншіден — атаулары

түрлі болғанымен (жинақтау, сақтандыру және т.б.), мәнісі бір — қосымша салық есебіндегі барлық міндетті төлемдер. Егер медициналық және әлеуметтік сақтандыру қаражатының иесіз пайдаланылуын, Бірыңғай жинақтау зейнетақы қорының шашылуына байланысты айғай-шуларды ескерсек, — бұл қорлардың бюджеттік процедуралар арқылы басқарылуы керектігін байқаймыз. Үшіншіден, мемлекеттік бюджет — ұсақ-түйекке кірпиз болуға арланбайтын сала екендігіне сенімдімін. Кейбір дамыған елдердің тәжірибесі бойынша, парламенттегі бюджет комитетін парламенттік азшылық өкілдері басқаруы тиіс. Логикасы мынада: билік партиясы бюджетті пайдалануды қолға алғанымен, оның бәсекелестері жұмсалған шығындардың дұрыстығын бақылап отырады. Бұл тәжірибе бізге де артық болмас еді.

— Үкімет саясаты тек бюджетпен шектеліп қала ма екен? Және парламент сол үкіметті өзі бекітеді емес пе?

— Иә, премьер-министрді тағайындамас бұрын президент фракция жетекшілерімен кеңесіп, министр лауазымына үміткерлер Мәжілістің салалық комитеттерінің талқылауынан өтеді. Бірақ, қалған жағдайларда, үкіметтің өзі парламенттік сайлау нәтижелеріне қарамай-ақ жасакталады және оның ешбір сайлауалды уәделеріне қатысы болмайды. Сонда оның қызметі үшін сайлаушылар алдында кім жауап береді? Нұрсұлтан Назарбаевтың кезінде бұл сияқты сауалдар бірінші президенттің беделінің арқасында онша маңызды болмаған. Егер де біз либералды жолға түсетін болсақ, алдымызда басқа да нұсқалар пайда болады: президент үкіметтің жұмысы үшін жауапты болса, онда ол АҚШ-тағы секілді, премьер-министрдің орнына үкіметті өзі басқарғаны жөн. Егер Президент әрі қарай да, қазіргі Конституцияға сәйкес, биліктің барлық тармағының өзара ықпалдастығының кепілі болып қала беретін болса — онда ол үкіметтен де, парламенттен де тепе-тең алшақтықта болып, жауапкершілікті пар-

ламенттік көпшілікке жүктеуі тиіс. Бұл үшін үкіметті жеңіске жеткен партия құруы қажет. Сонда ол президентке үкімет құрамын бекітуді ұсынып, оның қызметінің — жетістіктер мен кемшіліктерін қосқандағы — нәтижелері үшін барлық жауапкершілікті мойнына алар еді. Ал парламенттің өзіне келсек, олардың қызметі министрлікке үміткерлерге ақыл-кеңес берумен шектелмей, жеңіске жеткен партияның сайлауалды бағдарламасына негізделген Үкімет бағдарламасына сенім білдіруінен (немесе сенім білдірмеуінен) де көрінуі тиіс. Бұрын, Конституцияның 67-бабы бойынша, премьер-министр өзі тағайындалған соң парламенттің мақұлдауына үкіметтің бағдарламасын ұсынуға міндетті болатын. 2007 жылы бұл норма алынып тасталды да, бүгінгі күні парламент үкімет жұмысын тек бюджет жобасы арқылы бағалап отыр. Шынтуайтында, бюджет — қаржылық құжат, ал үкіметтің саясатын түсіну үшін кешенді мағлұмат керек; бұл тұрғыдан үкіметтің бағдарламасы — нақ соның өзі. Сонда үкімет жұмысын бюджет қаржысының жай игерілуімен емес, бағдарламада жария етілген мақсаттардың нақтылы түрде орындалуына байланысты бағалауға болар еді. Парламенттің Үкімет бағдарламасын бекітуі тәжірибесін қайта қалпына келтіру қажет деп есептеймін. Тап сол сияқты, жергілікті әкімдердің іс-әрекет бағдарламасын мәслихаттың бекіткені абзал. Мегалополистерді қоса алғанда, қалалар мен ауылдық округтердің әкімдерін жергілікті тұрғындардың тікелей сайлауын енгізу — бұл үрдістің дәйекті жалғасына айналуы тиіс. Бұдан бөлек, парламент пен мәслихаттарға Арыс трагедиясы, сыбайлас жемқорлық фактілері және тағы басқа сол сияқты қоғамдық резонанс туғызған оқиғалар бойынша парламенттік тергеу жүргізу құқығын бере отырып, олардың бақылау функцияларын кеңейте түскен де көкейге қонымды болар еді.

— Яғни, сарапшылар ұсынған мажоритарлық жүйе сіз үшін зәекті емес қой?

— Бұл идея басқа идеялар секілді назар аударарлық дүние, оның да дұрыс жақтары бар, мысалы, ол жүзеге асқан жағдайда, тәуелсіз кандидаттар келуі мүмкін. Бірақ, іс жүзінде бір мандатты округ бойынша сайлау талай жылдар бойына әкімдерге толықтай тізгінге бағынатын мәслихаттар жасактауға кедергі болған жоқ. Мысалы, алдыңғы мәслихат сайлауында дауыс беруден бір апта бұрын түрлі себептермен «Ақ жол» партиясының жүзге тарта мүшесі алынып тасталды. Екіншіден, егер тәуелсіз депутаттар өз ұстанымын көрсетуге ғана емес, нәтиже үшін таласқа түссе — оларға бейресми болса да, бірігу керек болады. Себебі нақты шешім қабылдау үшін, қалай болса да, дауыстардың көпшілігін жинау керек. Саясатта тек серкелердің ғана емес, оның соңына еретін ұйымның болуы да маңызды. Грузияда жақында болған (парламент спикерін отставкаға кетуге мәжбүр еткен) жаппай наразылықтың басты талаптарының бірі — нақ сол «идеялық» депутаттарды өткізу үшін сайлауды толықтай партиялық тізім бойынша ұйымдастыруға көшу мәселесі болуы жайдан-жай емес. Және Грузия президенті бұл талаппен келісуге мәжбүр болды. Сол себепті «қолайсыз» үміткерлерді қорғаудың ең жақсы құралы дауыс беру жүйесі емес, адал әрі ашық сайлау. «Ақ жол» партиясы талай рет соған сәйкес ұсыныстар енгізді, мысалы: дауыс беру мен бюллетеньдерді санау барысында онлайн-трансляция жүргізуді заңдастыру; үміткерлердің жолындағы жандас кедергілерді алып тастау, интернетпен дауыс беру т.б. Бірақ бұлар қолдау таппады. Пропорционалды болсын, мажоритарлы болсын, бастысы, адал сайлауға қол жеткізу керек.

— Сөзіңіз сылтау сияқты естіледі екен...

— Жоқ, олай емес. Біріншіден, бұл өзгерістерге қоғамның сұранысы пісіп, жетілді. Екіншіден, таңдау мүмкіндігін кеңейту, сайлау

ушылар мен бақылаушыларды тарту, қоғамдық бақылауды күшейту, яғни сайлау процесіне сенімді арттыру үшін партияны тіркеуді жеңілдету, мәслихат пен парламентке өту талаптарын жұмсарту керек. Мемлекеттік басқаруды жақсартудан бөлек, көппартиялықтың басқа да функциясы бар — ол билік назарынан тыс қалған мәселелер туралы алдын ала хабар беру. Сондықтан, ресми тіркелген партиялар үшін хабарлама тәртібімен, арнайы белгіленген орындарда митинг өткізуге құқық беруді дұрыс деп есептеймін. Рас, бұл қадамдардың популизм мен даурықпа көңіл-күйдің өсуі сынды теріс жақтары бар. Бірақ қалай болғанда да партиялар мен мемлекеттік органдардың

ақпарат тапсырыстарына түспей, көленкеде қалып жағары. Парламенттік жүйенің жақтаушысы ретінде өз басым парламенттік функциялардың күшейгенін қалаймын және мен бұл туралы, мысалы, 2012 жылғы 4 маусым күні фракция жетекшілерімен өткен кездесуде Елбасымен пікірлескен болатымын. Бірақ тарихи себептерге байланысты, іс жүзінде Қазақстанда басқарудың супер-президенттік формасы қалыптасты. Және бұл жүйе тәуелсіздіктің елең-алаңында түбегейлі нарықтық және саяси реформаларды жүргізу, кенестік стереотиптерді жою, жана ұлттық бірегейлікті қалыптастыру жолында өзінің тарихи міндетін өтеп шықты.

Бүгінгі кезең ондай күрт

КЕРЕК

өзгелерді тыңдауға көндігіп, мемлекеттік ұстанымдардың негізділігін дәлелдеуді және ашық «спекуляцияға» тойтары беруді үйренетін уақыты жетті. Сусыз бассейнде жүзіп үйренудің мүмкін еместігі секілді, ашық бәсекесіз саясаткерлер мен саяси мәдениеттің әрі қарай жетілуі де іске аспайды.

— Алайда, билік тарапынан «Нұр Отанды» басты саяси күш есебінде қайта жандандыру қажеттілігі туралы өтініштер түсуде. Сонда, өзге партиялардың ролі екінші орынға шыға ма?

— Билік партиясына келсек, оның басшылығы соңғы кездері бірнеше міндеттер қойып отыр — «қайта жүктеу», «шенеуніктенбеу», тіпті «қайта жандану». Бұл қалыптасқан жағдайға дұрыс баға беріліп жатыр деген сөз. Жалпыхалықтық атауға ие болғысы келетін партия тек мемлекет аппаратының корпоративті қоғамдастығы болмау керек. «Нұр Отанның» барлық филиалдарын әкімдердің басқару тәжірибесі, мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдары мен мемлекеттік ақпараттық тапсырыс беретін бөлімдердің сол партияның баспасөз қызметі есебінде жұмыс істеуі — қоғамда кері әсер туғызады. Нұрсұлтан Назарбаевты билік партиясын «шенеуніктенбеу» тапсырмасы дәл осындай тенденциялармен байланысты. Менінше, бұл бастама — партияны толықтай «мемлекетсіздендірумен» парапар! Әкімдер, бұқаралық ақпарат құралдары шенеуніктердің бөлек мүддесіне емес, қоғамға қызмет етуі тиіс. Билік көппартиялыққа болмаса да, өз партияластары үшін (мүшелерінің көпшілігі шенеуніктер емес болғандықтан) осындай өзгерістерге баруы қажет. «Қайта жүктеу» туралы мәлімдемелер де бұл мұқтаждықтың жоғарғы деңгейде сезіліп жатқанын көрсетеді. Өз кезегінде шенеуніктердің ықпалын азайту — әкімшілік ресурсты пайдалануды қысқартумен бірдей. Мұның өзі басқа партияларға жол ашар еді.

— Бұл сұрақтарды «жоғарғы деңгейлі» шешімдерді күтпей-ақ, неге өздеріңіз қоя бермейсіздер?

— Біз оларды жиі қойып келеміз. Бірақ біздің бастамаларымыз әдетте мемлекеттік

бетбұрыстарды меңземейді, керісінше, Назарбаев ұстанған бағытпен сабақтастық жайында Президент Тоқаев әлденеше рет атап айтып отыр. Сондықтан шамадан тыс өкілеттіліктің қажеттілігі күн тәртібінен түсіп, шешімдер қабылдауға жұртшылықты кеңінен тарту мүмкіндігі туды. Бұл бағытта мемлекет басшысының ізгі ниетін көріп отырмыз. Алайда, мемлекеттік аппараттың Президенттік вертикальдан әп-сәтте бас тартатынына үміт арту аңғалдық болар еді. Өкілеттіліктің жаңа ара салмағының қажеттілігіне және өкілетті органдардың ішкі әлеуетін ашу мүмкіндігіне биліктің көзін жеткізу — одан гөрі нақтырақ міндет екенін сұхбаттың басында айтып өттім. Саяси жүйені либералдандыруға байланысты «Ақ жол» партиясы талай рет ұсыныстарын берген болатын. Алайда, азшылығымызға байланысты олардың көбін жүзеге асыра алмадық. Мысалы, 2013 жылы партиялардың қызметіне бірқатар кепілдік беретін «Парламенттік оппозиция туралы» заң жобасын әзірледік. Бұл жоба ЕҚЫҰ-ның оң бағасына ие болды, бірақ сол уақытта оны әрі қарай жылжыта алмадық. Партияның сайтында аталмыш құжат та, сайлау туралы заңнамаға қатысты ұстаным да, сондай-ақ біз енгізген басқа көптеген бастамалар да бар, келешекте олардың көпшілігін әрі қарай жылжытамыз деп үміттенеміз.

Сирек болса да, кейбіреулері тіпті БАҚ-та резонанс туғызды. Мысалы, 2017 жылы конституциялық реформаны талқылау барысында бір палаталы парламентке көшу жөніндегі ұсынысымыз.

— Сонда әртүрлі партиялардың белсенділігі де билік тиімділігінің мәселесін шешуге қауқарсыз ба? Сонда оның шешімі неде?

— Көппартиялық — шенеуніктердің қоғамға жұмыс істеуінің кепілдігі емес, құралы ғана. Әділ сот пен сөз бостандығынан бөлек, ондай кепілдікті екі фактор бере алады: әділ сайлау және биліктің кезеңді ауысып отыруы. Бұл шарттар орындалған жағдайда, демократияны көппартия емес, мықты атқарушы билікті екіпартиялық жүйе де орната алады, мұны

АҚШ-тан да көруге болады. Қоспартиялықтың тағы бір жақсы қыры — мемлекет басқаруының тұрақтылығы мен ұзақ ішкі саяси дағдарыстардың болмауы. Билік партиясын нығайтудан тыс, екіпартиялық жүйенің өзіне барлық партия жүйесін реттейтін елеулі өзгерістер қажеттігі бөлек әңгіме.

— Бизнес партиясының жетекшісі ретінде қазіргі саяси оқиғалар экономикаға қалай әсер етеді деп айта аласыз?

— «Саясат — экономиканың шоғырланған көрінісі» деген екен классиктер. Егер экономика тиісті қалыбында жұмыс істеп, әлеуметтік мәселелерді уақытылы шешіп отырса, саяси салада қазіргі өткір түйткілдер болмайтын еді. Мемлекеттің бүгінгі таңда жариялаған шараларының көбі шығынды, ал олардың ұзақ мерзімде қалай қамтамасыз етілетіндігі онша анық емес. Экономикалық әлеуеттің өсуі мен кенеюі орнына, оның «желінуі» қаупі туындайды. Жергілікті жерлерде бірқатар әлеуметтік бастамалар масылдыққа ынталандыру есебінде қабылдануда, оған президент Тоқаевтың назар аударуы бекер емес. Расында, біз экономикадағы өзгерістер саяси реформаларсыз жүзеге асуы мүмкін емес шекке жақындадық және бұл мәселе ең алдымен екі саланың да монополиялануы мен мемлекеттендірілуіне байланысты туындап отыр. Бірақ экономикалық мәселелерді жандандырмаса, либералды саяси реформалар ұрандардың астында қалып кетуі әбден мүмкін. Назарбаевтың жетістігі оның өз реформаларын экономикалық шешімдермен, яғни жекешелендірумен, ірі инвестициялар тартумен, өзі құрған Ұлттық қордан қаржы құюмен тиянақтап отыруында еді. Елбасының бастамалары ұлтты жұмылдырумен — елорданы көшірумен, индустрияландырумен және кәсіпкерлікті дамытумен, ұлттық сананы қайта жаңғыртумен, т.б. ұштасып жатты.

Алғашқы айлардың өзі-ақ көрсетіп бергендей, Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамалары да қоғамды серпілтуге және жұмылдыруға қауһарлы. Сол бастамалардың табыстылығы — азаматтарды саяси белсенділікке итермелейтін сол бір мұқтаждықтың шешім табуына байланысты болады. Азаматтық бостандықтар, әділеттілік пен ар-намыс талаптарымен қоса, олардың қатарына күнделікті тіршілік жағдайлары: ақшалай табыс, тұрғын үй, жұмыс, білім, болашаққа сенім, өмірдің деңгейі мен сапасы жатады. Сондықтан саяси жүйедегі өзгерістерге экономикалық саладағы одан тереңдігі кем емес өзгерістер ілесе жүруі қажет. Бұл — өз алдына бір зор тақырыптың және үлкен әңгіменің өзегі. Үкімет пен Ұлттық банкке ұдайы тапсырмалар беретініне қарап мемлекет басшысының, саяси мәселелерге шырмалып қалған кейбір сарапшыларға қарағанда, бүкіл реформалар барысын тұтастай назарда ұстап отырғанын көріп отырмыз. Және де, парламенттік партия ретінде, біз бірлесе жұмыс істеуге және Президенттің бастамаларына қолдау көрсетуге әзірміз.

15.08.2019

«Время» газетінен
аударып дайындаған:
qazaquni.kz



Дания ЕСПАЕВА:

ЗОРЛАУШЫЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАНЫ ҚАТАЙТУ ҚАЖЕТ

Әйел зорлау бойынша айыпталған «Тұлпар-талығо» поезының екі жолсерігіне ҚР Қылмыстық кодексінің 120 бабына сәйкес жаза мерзімінен екі есе аз мерзім беру туралы үкімі соңғы екі аптада бүкіл қоғамды дүрліктірді. Үкім шығарған соттың шешіміне сәйкес жаза орташа ауыр қылмысқа жатқызылған. Ал жасалған қылмыс бойынша жеңілдететін мән-жайдың болған және ауырлататын мән-жайлардың болмаған кезінде 55-баптың 2-бөлігі 1-тармағына сәйкес сот орташа ауыр қылмыстың мерзімін екі есе азайта алады. Сол себепті, сот сотталушыларға 2 жыл 6 айға бас бостандығынан айыру жазасын берген.

Менің ашуымды тудыратыны — соттың бұл екі нақұрысқа жеңілдететін факторларды қолдануға мүмкіндік табуы. Біздің барлығымыздың апақарындастарымыз, қыздарымыз бар, құдай олардың осындай жағдайға тап болуынан сақтасын, ал үкімдегі мұндай жеңілдіктер ынталандыруға тең.

Сот жеке адамға қарсы қылмыс жасалғанына карамастан, өкінішке қарай, тиісті жазадан құтылуға мүмкіндік беретін заңнамалық нормаларға сүйенген болуы керек.

Бірақ, моральдық тұрғыдан алғанда, зорлық құрбаны үшін, әсіресе айыпталушылар бір жылдан кейін мерзімінен бұрын шартты босатыла алатын болса, үкімнің мазақ екенін көреміз.

2019 жылдың басынан бастап елімізде 799 зорлау фактісі тіркелген, бұл, менің ойымша, сотқа жеткені ғана. Зорлық құрбандарының менталитетімізге байланысты жария болуынан қорқуынан, органдарға істің аяғына жеткізетіндігіне сенбеуінен құқық қорғау органдарына бармағаны қаншама.

Депутат және әйел ретінде заң жүзінде зорлаудың кез-келген түрін ауыр қылмыстар категориясына жатқызуды, осылайша, айып мерзімін ұзартып, мерзімнен бұрын шартты босату мүмкіндігінен айыруды сұраймын. Қылмыстың бұл категориясы адамшылық факторларды қарастырмауы тиіс. Сондай-ақ, бүгінгі кезде заң бойынша педофилдерге химиялық кастрация жазасы қарастырылған. Мүмкін, бұл жазаны мұндай қылмысты бірнеше рет істегендерге қатысты да қолдану керек болар.

Мен және фракция бойынша менің әріптестерім аталмыш заңнамаға тиісті түзетулерді дайындаймыз.

«Ақ жол» партиясының
баспасөз қызметі





Қазыбек ИСА:

лымы» болған бұл спектакль де осылай аяқталды. Қоғамдық қорғаушы, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, әйгілі әнші Ералхан Әбіш айтқандай, «бір киноны алтыншы рет көріп отырмыз».

Иә, шынында да, Су сәласын дамыту мемлекеттік бағдарламасынан, яғни, халық қазынасынан триллионнан аса қаржы үнемдеген Ислам Әбішұсынған бұл бағдарламаны Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі «И.Әбіштің ұсыныстары бұрынғы бағдарламадан ұтымды.

Мектеп баласына да айқын дәлелді біліп тұрса да, тергеуші де, прокурор да, сот та керісінше айыптайды. Өйткені, бізде Заң, Ар емес, Тапсырыс қана жұмыс істейді.

Менің шыдамай: «Адвокат Абзал Құспан Заңның баптары бойынша он негізде де, Ислам Әбішті түрмеде ұстауға негіз жоқ екенін дәлелдеп берді. Ал сіз басқаша шешім шығарып отырсыз! Жоғарыдан тапсырыс болғасын осылай шешіліп тұр ғой, сөздің ашығы!» — дегеніме судья «Бұл соттың сөзі» деп күліп

денгейіне түсіп, ауыз жаласып, алдына шығып алып шауып, шабаланып жатқан әжептеуір аты бар, газет, партия, ұйым басқарып жүргендерді көріп, байғұстарды тіпті аяп кетеді екенсің... «Аңқау елге Арамза молдалыққа» таласып жүрген олардың тағы да шындықты айтқан боп көрінейін деп, «Ақиқат» деп, айқайлап қоятынын қайтерсің?!.

Негізі менің айтпағым бұлар емес еді...

Бұлардың бәрі айтуға да, аттарын атауға да тұрмайтын

дұрыс па?» — деп қамқор болуды да, інілері, әйгілі әнші Ералхан екеуімізге «Сендер қызбаланбай жүріңдер» — деп ақыл айтуды да ұмытпайды.

Сот шешім шығаруға үзіліске кеткенде сол жердегі асханадан тамақ іштік.

«Біз ана жақта, түрмеде қалайы тостак, темір қасықпен ас ішеміз, мынадай ыстық тамақ қайда?» — деп қояды бәрімізді күлдіріп... «Тамақ жеп отырғанда, тас еденнің үстіне тышқандар жүгіріп шыға келеді. Қасықпен дәлдеп тұрып, жіберіп

СОТ ӨТКЕН САЙЫН ИСЛАМ ӘБІШТІ ЕМЕС, СОТ ПЕН АЙЫПТАУШЫЛАРДЫ АЯЙМЫН...

ЖҮЗ АЛПЫС МЫҢ ҚОЛ – ХАЛЫҚ ҮНІ, ХАЛЫҚ ДАУЫСЫ!



5 тамызда өткен сотта Триллион үнемдегені үшін... түрмеге түскен Ислам Әбішті қамауда ұстауды сот тағы да бір айға, жалпы алтыншы айға ұзартты.

Ислам Әбіш судья Т.Сырлыбаев пен айыптау қаулысын ежелеп, кейбір сөздер мен цифрлардың өзін қате айтып, зорға оқыған прокурор Е.Мұратқа және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі тергеушісі Айдар Аташевқа қарап тұрып, қатты айтты: «Мені бес айдан бері 4 рет инфаркт алуыма да қарамастан, тасқамаудан ұйқамаққа шығармай отырғандағы дәлелдерің «тергеу ісіне ықпал етеді» деген сылтау болды. Ал енді тергеу ісі бітіп, қорғаушыларға танысуға берілді. Сонда тергеу ісімен тек қана абақтыда ғана танысу керек деген заң бар ма? Ал қорғаушым, адвокат Абзал Құспан керісінше, Қылмыстық Кодекстің 136-шы бабынан келтірген 10 негіз бойынша да мені қамауда ұстауға негіз жоқ деп дәлелдеп берді.

Бұл іс-әрекеттің бәрі бір ғана мақсатты көздейді. Қалайда менің рухымды сындыру екенін бәріміз біліп отырмыз. Одан тұқ шықпайды, судья мырза! Мен қолыммен істемеген қылмысты ешқашан мойныма алмаймын. Мені осыған дейін 14 камераға ауыстырдындар, кімдермен отырғызбадыңдар?! Маған десеңіздер тағы 20 камераға ауыстырып отырғызындар. Он бес жыл беріңіздер! МЕНІҢ РУХЫМДЫ СЫНДЫРА АЛМАЙСЫҢДАР!

Мен алғаш қамауға алған кезде-ақ, айтқанмын осы сөзді. Одан танбаймын! Мен 2013 жылы жұмыссыз қалғанымда үй-ішімдегілер «Елдің бәрі жеп үйреніп қалған мемлекеттің ақшасын үнемдеймін деп нең бар еді?» деген болатын. Мен сонда «Алда осындай жағдай тағы қайталанса, халықтың несібесін тағы да талан-таражға салдырмаймын» дегенмін. Сөзімде тұрдым. Бұл ұстанымымнан айнымаймын. Ал, ол халық қазынасын үнемдегені үшін сіздер не істейсіздер, өздеріңіз біліңіздер! Заң алдында, Ар алдында шешіңіздер!», — деді.

Үзілістен кейін сот шешімі оқылғанда прокурор Е.Мұратов та, тергеуші А.Аташевтың да қарасы көрінбеді. Әрине, олар жоғарыдан түскен тапсырыс бойынша сот шешімі алдын ала белгілі болғандықтан, ақырын күтпей тайып тұрған болатын...

Бұған дейін 5 рет «қойы-

жауап берді. Сот күлкісінің астарында: «Өздерің де жақсы біліп тұрсындар ғой, несін сұрай бересіңдер?» — деген кейістік айқын аңғарылып тұрғандай болды...

Сонымен, халық қаржысын қорғаған Ислам Әбішті қоғамға қауіпті террористей тағы да ұйқамаққа шығармай, тастүрмеде қалдырды...

Мен «Қиналған Жамбыл жер осы» дегендей, шешімін дәлелдеп бере алмай қиналған соттың түріне қарап аяп кеттім.

Негізі, мен сот өткен сайын қамаудағы Ислам Әбішті емес, айыптаушыларды аяймын... Тергеушілерді, айыптаушы прокурорды және, әсіресе, өз еркімен шешім шығара алмайтын, бірақ сот деп аталатын судьяларды аяймын...

«Құлан құдыққа құласа, құлағында құрбақа ойнайды», — дегендей, арысымыз абақтыға түскеннен кейін, бажылдап-ысылдап шыға бастаған бақашаяндарды да аяймын.... Су шаруашылығынан мақұрым болса да, шу шаруашылығын жақсы меңгерген, ақ ит кіріп, қара ит шыққан аузына да, кім кіріп-шықпаған аузына да ие бола алмай жүргенін мақтаншы көріп, желіде жазатын желіккен қатын-қалаштарды аяудың керегі жоқ шығар, солардың



төмендегі тиын-тебеннің айналасындағы тышқан тірліктің өмір сүру қағидалары ғой...

Менің айтпағым, дұшпандар мен көре алмас күншілдердің лас қолдары да, атқан оқтары да жетпейтін заңғар биіктегі, ешқандай бағаға сатып ала алмайтын, жаратқан иеміз Күдіретті Алла ғана сыйлайтын РУХ КҮШІ!

Менің айтайын дегенім, сот алдында қасқайып тұрып, Ислам Әбіштің өзі айтқандай: «Мені 20 камераға ауыстырып, 15 жыл берсеңіздер де, МЕНІҢ РУХЫМДЫ СЫНДЫРА АЛМАЙСЫҢДАР!» — деген өткір сөзі еді.

Иә, Ислам Әбішті өмірінде бір рет көрген және бірер сәт сөйлескен адам оның бұл сөзіне шүбәсіз сенетіні анық.

Түрмеге түскелі Исекеңді осымен екінші рет көріп отырмын. Сол баяғы ірі мінезі, кесек турап, кесіп сөйлейтін кескінді келбеті! Тап бір тасқорғанда емес, Ақордада жүргендей асқақ! Заңның әр бабын шегелей айтып, Ардың биігінен қасқайып қарсы сөйлегенде сот пен айыптаушылар бетіне тіке қарай алмай бүгежектеп, сөздерінен жанылысып қалады!

Біз Исекеңнің көңіліне қарасак, ол біздің көңілімізді көтеріп қояды. Белгілі ғалым Мырзагелді Кемел көкеміздің үйіндегі көзі жасаурап тұрған Зибә жеңгемізге «Өй, не болды сізге? Көке, мына жеңгеміздің көңілі пәс қой, тойға апармай қойғансыз ба немене?» — деп, жайсаң ағам жарқылдай сөйлегенде жарқыратып жібереді айналасын. Қайнағасына сәлем берген біздің үйдегі келіні Жәннатқа: «Көп жаса, айналайын! Жарайсың келін, сәлем салуды сотта да, отта да ұмытпайсың», — деп оның көңілін бір көтеріп қояды. Белгілі журналист Өмірзақ Ақжігітке: «Азып кетіңіз ғой, денсаулығын

ұрсан, жоқ боп кетеді», — дейді. Тышқаннан қорқатын менің жүрегім зу ете қалады күлкім жайына қалып... Осының бәрін бір тастүрменің азабын емес, әлде бір әдемі шипажайдың ғажабын айтып отырғандай күліп отырып өңгімелегенде, «Не деген мықты да, биік Рух», — деп танғаласың!

Иә, игі істерімен ісі қазаққа танымал, руханиятқа қамқор, ұлт мүддесін қорғап жүретін ұлтшыл, кайсар қайраткер Ислам Әбіштің биік РУХЫН ЕШКІМ ДЕ СЫНДЫРА АЛМАЙДЫ!

Өйткені, Халық қазынасын қорғаған қайраткерді Халық да қорғайды!

Қазір «Қазақ үні» ұлттық порталындағы Ислам Әбішке араша түсіп, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа жазылған Ашық хатқа алды әлемге әйгілі Қабдеш Жүмәділ, Дулат Исабеков, Бексұлтан Нұржекеев, Төлен Әбдік, Сәбит Досанов, Смағұл Елубай, Ұлықбек Есдәулет, Нұрғали Нүсіпжанов, Досхан Жолжақсынов, Талғат Теменов, Төлеген Мұхамеджанов, Роза Рымбаева секілді Халық жазушылары мен Халық әртістері бастаған Ұлт зиялылары қол қойды! Қазір небары екі айдың ішінде барлығы Жүз алпыс мыңға жетіп қалған, қолдап, қол қоюшыларға зор алғыс айтамыз!

Бұрын ары кетсе 200-ден аспаған көрсеткішпен салыстырсақ, қаншама есе артық. Рекордтың көкесі осы.

ЖҮЗ АЛПЫС МЫҢ ҚОЛ – ХАЛЫҚ ҮНІ, ХАЛЫҚ ДАУЫСЫ!

Кеше ғана мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Халық үніне құлақ асындар» — деген болатын!

Осыншама қалың Елдің дауысы Ел басшысына жетеді деп сенеміз!



Ислам ӘБІШ:

20 КАМЕРАҒА АУЫСТЫРЫП ОТЫРҒЫЗСАҢДАР ДА РУХЫМДЫ СЫНДЫРА АЛМАЙСЫҢДАР!

СОТ ПА, СПЕКТАКЛЬ МЕ?..

Бүгін, 5 тамыз күні Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық тергеу сотында «60 млн.теңге парамен ұсталды» деген күдікпен 14 наурыз-да жазықсыз түрмеге жабылған, Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитетінің төрағасы Ислам Әбіштің үстінен қозғалған істің тергеуі бес ай дегенде аяқталып, жедел тергеу тобының өтінішімен іс материалдарымен танысу үшін қамау мерзімі тағы бір айға ұзартылды. Қылидың көзіндей, кемпірдің тісіндей дәлелі мен дәйегі атысып тұрған айыптау қорытындысын сүреңсіз дауыспен он минутта оқып шыққан прокурор Е.Мұрат мырза не оқығанын өзі де жөнді түсінбеді-ау...

Сөзінің соңын «айыпталушыны ұйқамаққа шығаруға болмайды, сондықтан оның қапаста отыру мерзімін тағы бір айға созыңыз» деген өтінішпен бітірді.

Қорғаушылар Абзал Құспан мен Ерлан Макенов И.Әбіштің қапастан ұйқамаққа шығарылуы жайлы өздері беріп отырған өтініштің дұрыстығын заңның он бабына сүйене отырып шегелеп берді. Судья Т.Сырлыбаев «сот қаулы қабылдау үшін кенесу бөлмесіне кетеді» деп жариялады. Үзіліс бір сағаттан астам уақытқа созылды. «Жолаушының кешіккенінен сүйін» дейтін ырымшыл қазақ «түсі игіден түнілме» деген, судьяның түсі жылы екен» деп, жақсыға жорып жатты...

Бірақ, сыртқы түрдің алдамшы болатыны да аз кездейспейді ғой, судья мырзаның шешімі сотқа келген бір топ зиялы жанкүйер қауымды түңіліп жіберді. Ең бастысы: «неге ұйқамаққа шығаруға болмайды?» деген қорғаушылар сұрағына судья ешқандай нақты жауап бере алмады. Бар болғаны «бұл мәселе бұрын шешіліп қойған, өзгертуге негіз жоқ» деп, кетеуі кеткен күйтабақтай бір сөзді қайталаумен болды. «Бұрын шешіліп қойған болса, онда несіне сот отырысын өткізіп әуре болып жүрміз, бұл өзі сот па, спектакль ме?» деген қоғамдық қорғаушы Ералхан Әбіштің сөзін мүлдем жауапсыз қалдырды. Е.Әбіштің: «Прокурор маған бастықтар тапсырма берген» деп еді, сол рас болып шықты ғой, судья мырза» деген (ол да жөнді жауапсыз қалған) сөзі шындыққа жанасады. Не десін, судья? «Тапсырма алдым» деп айта алмайды.

Қазақ «сөздің өтірік-шынына карама, қисынына кара» дейді. Қисыны келіп тұр. Тек судьяның мойындауы ғана қалып тұр. Ал, біздің ол өтірік айтып тұр деп сенбеуге, одан күдіктенуге хақымыз бар!

Айыпталушы Ислам Әбішті тындайық: «Бұл іс-әрекеттің бәрі бір ғана мақсатты көздегенін – қалайда менің рухымды сындыру екенін бәріміз біліп отырмыз. Одан түк шықпайды, судья мырза! Мен қолым істемеген қылмысты ешқашан мойныма алмаймын. Мені осыған дейін 14 камераға ауыстырдыңыздар, маған десеніздер тағы 20 камераға ауыстырып отырғызыңыздар. Он бес жыл беріңіздер! Мен алғаш қамауға алған кезде-ақ айтқанмын осы сөзді. Одан танбаймын! Мен 2013 жылы жұмыссыз қалғанымда үй-ішімдегілер «мемлекеттің ақшасын үнемдеймін деп нең бар еді?» деген болатын. Мен сонда «алда осындай жағдай қайталанса, халықтың несібесін тағы да талан-таражға салдырмаймын» дегенмін. Сөзімде тұрдым. Бұл ұстанымнан айнымаймын. Сіздер не істейсіздер, өздеріңіз біліңіздер».

Күтейік, судьялар не істер екен...

Өмірзақ АҚЖІГІТ
qazaquni.kz

■ ASHYQ HAT

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ
ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВҚА

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ОРГАНДАРЫНДА ПЕРІШТЕЛЕР ЖҰМЫС ІСТЕП ОТЫРҒАН ЖОҚ...

Аса құрметті
Қасым-Жомарт Кемелұлы!

Біздің қолымызға қалам алдырған жайт – Түркістан облысының тумасы, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің төрағасы Ислам Әлмаханұлы Әбіштің басына үйірілген бұлт. Ұзақ жылдар бойы қызметтес, әріптес бола жүріп біз танып-білген Ислам Әлмаханұлы 63 жасқа дейінгі бар саналы ғұмырын елінің өркендеуіне арнаған азамат. Ол жас кезінде аудан жастарының жалынды жетекшісі бола білді. Кеңшар директоры болып істеген шағында шаруашылықты алдыңғы қатарға шығарды. Заман талабына сай кәсіпкерлікпен де айналысып, өндіріс ошақтарын іске қосты, бірнеше ауданның электр қуатымен, жарықпен тұрақты түрде қамтамасыз етілуін жолға қойды.

Ордабасы ауданының әкімі болып істеген үш жылда «несіне серіктестігін» енгізу секілді жаңашылдығымен көзге түсті. Аудан тұрғындары оның еңбегіне бірауыздан «оған дейін де, одан кейін де бізде Әбіштей әкім болған емес» деген пікірмен жоғары баға берді.

Бұдан соң еліміздегі ең ірі күнгейлік өлкеде он жыл облыс әкімінің бірінші орынбасары болып, бес басшымен тізе қосып істеген уақытта сонынан ешқандай жаман сөз ертпеді, әрқашан қарапайымдылығымен ерекшеленді. 2008 жылғы Сарыағаш ауданындағы су тасқынынан соң ел ішінде «іскер ғана емес, халықтың қамқор қызметшісі» атанды.

Өскемен қаласының әкімі қызметін атқарған екі жылда И.Әбіш қаланың «құрметті азаматы» атанды. Мынадай бейресми факт – астанаға ауысқан әкімді әуежайдан шығарып салуға бірімен бірі хабарласқан қарапайым халықтың алты жүзге жуық өкілінің келуі оның шынайы абыройының деңгейін аңғартса керек.

Су ресурстары комитетінің төрағасы ретінде көрші елдермен арадағы ағын су мәселесінің шешілуіне, тасқынның алдын алатын әрі резерв рөлін атқаратын Көксарай су реттегішінің салынуына И.Әбіш үлкен үлес қосты. Ол 2013 жылы 300 млрд. теңгенің артық жобаланғанын дәлелдеп, бос шығынға жол берген жоқ еді. Содан соң қызметінен босатылды, тергеу орындары қызмет кезеңін тегіс тексергенмен, тағар кінә табылмады.

Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Н.Назарбаевтың қабылдауында болып, бұрынғы орнына қайта отырды. 2018 жылы Су ресурстары комитеті 1,0 трлн.теңгеге жуық шығынның алдын алды.

Құрметті Президент мырза!

Халық сізді заңдылықтың кепілі деп біледі. Жұмыс істемейтін адам ғана қателеспейтіндіктен, И.Әбіштің

те жаңылыс басқан қадамы болуы сөзсіз, бірақ, ол қылмысқа барды дегенге сенбейміз. Адал азаматты кезінде Елбасы өзінің қамқорлығына алып, араша түскен болса, елдің ағалары ретінде біз бұл жолы еліміздің Президенті Сіздің де әділеттіліктің үстемдік құруына көмектесуіңізді сұранамыз.

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары:

О.Рахманбердиев, ҚР Парламенті Сенатының екі шақырылымдағы депутаты, Түркістан облысының құрметті азаматы, III-дәрежелі «Барыс», «Парасат» орденінің иегері; Ш.Мырзахметов, ҚР Парламенті Мәжілісінің екі шақырылымдағы депутаты, Түркістан облысының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері; Ә.Бектаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаты; К.Ержан, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты; Ф.Қаратаев, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты; Ә.Құртаев, ҚР Парламенті Сенатының депутаты; Н.Бекназаров, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты; С.Қаныбеков, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты; Б.Жылқышиев, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты; У.Қайназаров, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.

Түркістан облыстық мәслихатының депутаттары: Қ.Балабиев, Д.Әбіш, Д.Ахметов, Р.Оспанәлиева, А.Көмекбаев, Ә.Қайыпбеков, К.Әбдіхалық, Т.Баймаханов, Ж.Ж.Шәріпбек, М.Мейірманов, О.Аяшев, Ә.Исабаев, Қ.Абасов, С.Ибадуллаев, Ш.Қаныбеков, С.Күнтуаров, Ү.Жүсіпбаев, З.Чалданов, С.Бекенов, М.Төлтебаев, М.Тұрысбеков, Л.Ташимов.

Редакциядан: Газеттің нөмірі дайындалып жатқан кезде ҚР Парламентінің биылғы сессиясының ашылу құрметіне арналған палаталардың бірлескен отырысы болып өтті. Отырыста Қ-Ж. Тоқаев ҚР Президентінің Қазақстан халқына арналған жыл сайынғы кезекті Жолдауын оқыды. Президент мырза өзінің сөзінде «Азаматтардың құқығы мен міндеттерін қамтамасыз етілуі» мәселесіне, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жайына тоқтала келіп, былай деді: «Сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес органдарының қызметкерлерінің өздерінің арандатушылық әрекеттері мен жұмыстағы заңсыз әдістері үшін қатаң жауапкершілігі қаралуы керек».

Бұндай сөз Жолдауда кездейсоқ айтылды дейсіз бе, Жоқ, әрине! Бұл – бірлі-жарым орын алған оқиға емес, жағымсыз істер жүйеге айналған соң айтылмаса болмайтын, асқынып бара жатқан жаман ауруға қарсы амал қолданбаса болмайтын жағдайға жеткен соң барып оған ең биік мінберден еріксіз назар аударылды деген сөз.

Біздің де тергеу органдары арандатушылық әрекетті Ислам Әбішевтің ісінде қолданылды деп күдіктенуге хақымыз бар. Бес ай бойы олардың айыптау қорытындысын бере алмауы да соның айғағы болса керек. Сот та істі қалай қарайтыны белгісіз. Сот демекші, 1 тамыз күнгі сот отырысында Ислам Әбіш былай деп еді: «2013 жылы маған үй-ішімдегілер «мемлекеттің ақшасын үнемдеймін деп неңіз бар еді?» деген болатын. Мен сонда оларға «алда тағы осындай жағдай қайталанса, халықтың несібесін тағы да талан-таражға салдырмаймын» дегенмін. Сөзімде тұрдым. Бұл ұстанымнан ешқашан айнымаймын. Ал, сіздер не істейсіздер, оны өздеріңіз біліңіздер».

Қалай болғанда да осындай сөзді қасқайып тұрып айта білген азаматтың қолы – таза, ісі – дұрыс екеніне елдің күмәні жоқ. Әділдік ертелі-кеш бәрібір салтанат құрмай тұрмайды...

Әлмамбет ӘЗИЗҰЛЫ





№3 ҮНДЕУ

«LRT-АСТАНА» ҚҰРЫЛЫСЫН 3 ЕСЕ АРЗАНДАТУҒА БОЛАДЫ!

Еліміздің астанасындағы LRT-ның (рельсті жеңіл темір жол) құрылысы аса қымбатқа түсуіне байланысты ол қалың көпшіліктің наразылығын туғызған болатын. Бұл жөнінде көптеген сын-ескертпелер айтылып жатыр.

Президентіміз Қ.Тоқаевтың нақты тапсырмасынан кейін халық наразылығы ескеріліп, бұл мәселеге нүкте қойылған сияқты еді.

Өкінішке қарай, астанамыздың әкімінің «Астана ақшамы» (01.08.2019ж.) газетінде жарияланған хабарламасынан кейін біз көпшілікке мына төмендегідей мәлімдеме жасауға мәжбүрміз:

1. «LRT-Астана» жобасын бар болғаны 150,0 млрд.теңгеден аспайтын қаржыға толығымен бітіріп беруге дайын, техникалық жағынан өте сауатты бір топ инженерлер мен менеджерлер бар.

2. Үнемделетін 420,0 млрд. теңгені 1,0 млн.гектар суармалы жерді іске қосуға жұмсауды ұсынамыз.

Қала әкімінің хабарына сәйкес, шығындарды ықшамдағаннан кейінгі LRT құрылысына керек қаржы 1,5 млрд. доллар немесе 576,0 млрд.теңгені құрап отыр.

1млн.гектар суармалы жерден жылына 3,0 млрд.долларға жуық ауыл шаруашылық өнімін өндіруге болады. Статистикалық мәліметтерге сәйкес ауыл шаруашылық саласындағы салықтық жүктеме 4% мөлшерінде. Олай болса, бұл жыл сайын бюджетке 120,0 млн.доллар немесе 45,6 млрд. теңге қосымша қаржы түсіп отырады деген сөз. Бұл қаржыны көп балалы аналарды материалдық қолдауға пайдалануға болады деп ойлаймыз. Айналымға қосылатын 1 млн.гектар суармалы жер 100,0 мыңға жуық тұрақты жұмыс орнын қамтасыз етеді. Адам басына шаққанда 40,0 мың доллардың өнімі өндіріледі деген сөз.

Үкімет және Нұр-Сұлтан қаласының әкімшілігі бюджет қаржысын тиімді пайдалану жөніндегі ұсынысымызға қызығушылық танытады деген сенімдемеміз.

*Ынталы топтың жетекшісі
ISLAM ABISH.
2019 жылдың 5 тамызы.
Нұр-Сұлтан қаласы,
Тергеу изоляторы.*

№4 ҮНДЕУ

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ОДАҚТАРДЫ ӨТЕУСІЗ ҚАРЖЫЛАНДЫРУМЫЗ ҚАЖЕТ

Кеңес Одағы кезіндегі тоталитарлық режимнің өзінде Қазақстандағы шығармашылық адамдардың материалдық және әлеуметтік жағдайы, басқа одақтас республикалардағы секілді, бүгінгіден әлдеқайда жақсы болды.

Шығармашылық адамының ой еркіндігін шектейтін қатаң цензураға қарамастан, көптеген шығармашылық интеллигенция қайраткері туып-өсті. Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтпаев, Ғабит Мүсірепов, Мұқағали Мақатаев, Әбілхан Қастеев, Асанәлі Әшімов, Шерхан Мұртаза, Дулат Исабеков және т. б. Кеңес Одағында, тіпті одан тыс жерлерде де танымал болды.

Кеңес Одағы тарап, тәуелсіздік алғаннан кейін олар қиын жағдайға ұшырады. Себебі, шығармашылық адамдарының бойында біздің бизнесмендерімізге тән «сатып алып – сатуға» деген икемділік жоқ. Билік болса оларға нарықтық экономикасы дамыған елдердегідей өз шығарманды өзін сатып күн көр деді.

Қазақ тілінде жазылған кітапты тек қазақ тілді қазақтар ғана оқи алатынын ескермеді. Ал, олардың басым бөлігінің бұғін тұрмысы ауыр. КСРО кезінде шығармашылық адамдар түгелдей дерлік пәтермен қамтамасыз етілсе, кәзір кітап оқуға мүмкіндігі жоқ, ішер тамақ, киер киім, тұратын баспана табумен басы қатуда. Кітабын шет тілдерге аудару да оларда жоқ ақшаны талап етеді.

Тәуелсіздік келгелі тек И.Н.Тасмағамбетов Алматы және Астана қаласының әкімі кезінде көбін пәтермен қамтамасыз етті. Басқа әкімдер бұл жайлы басын ауыртпайды деуге болады. Үкімет бұл мәселені әлі күнге дейін жүйелі түрде шешкен жоқ және тіпті олай ету жоспарында да жоқ.

Негізінен жазушылар, ақындар, журналистер жұмыс істейтін кейбір беймемлекеттік журналдар мен газеттерге әртүрлі тақырыпқа мемлекеттік тапсырыс (5-7 миллион теңге) жасалады. Қаржыны кімге беру, кімге бермеу министрліктің қолында.

Жыл сайын бұл керемет шығармашылық адамдар жүгіруі, сұрам-сақтануы, сұрауы, қорлануы керек және олар билікке тәуелді бола бастады. Кім оған ұнамай қалса, тез жемқорға айналады. Жемқорлық үшін Т. Жаманқұловты, С.Матаевты, Е.Біләлді айыптаған кезде тек маған ғана емес, өзін құрметтейтін көп адамға мұндайды оқу, есіту жиіркенішті болды. Тамаша дарынды адамдарды бүкіл халық алдында жемқор деп айыптады, ұятқа қалдырды.

Біріншіден, мен әлі күнге дейін олардың кінәлі екендігіне сенбеймін, екіншіден, егер қандай да бір қателіктер болса, дарынсыз жұмсалған триллиондаған теңгемен салыстырғанда бұл назар аударуға тұрарлық нәрсе емес. (LRT-Астана, жеке банктерге жүздеген миллиард теңгенің тұрақты түрде құйылуы. Астық өсірушілерге жөнсіз, тегін жұмсалған ақша және т. б.).

Онсыз да сенгіш, қарапайым шығармашылық адамдар енді сөз айтуға ғана емес, тіпті ойлауға қорқады. Мұның бәрі ескерту ретінде жасалды. Билік кез-келген адамды айыптап, қорлап, масқаралап, жоқ қылып жібере алатынын көрсетті. Өздеріңіз қараңыздаршы, актерлер, театр бас-



шылары, журналистер сияқты әр түрлі жанрдағы шығармашылық адамдары жазаланды, олардың барлығы кезінде үлкен беделге ие болғандар.

Кезек композиторлар мен эстрада жұлдыздарына да жетті. Гаухар Әлімбаеваны алайық. Бірақ, бұл жолы сәтсіздік орын алды, қоғам, әріптестері, достары даусы тамаша, жаны нәзік Гаухарды жазалауға жол бермеді. Бұл үлкен сигнал, бұл әділдік жолындағы қоғамның үлкен күші.

Барлық адам Гаухар сияқты танымал емес және барлығы қорғана алмайды. Мен 6 жылға сотталған мықты ғалымды білемін, ол 3 жыл отырып, ақырында өзінің кінәсіздігін дәлелдеді, бірақ оны түрмеге отырғызғаны үшін ешкім жазаланбады. Осындай әділетсіз айыптаулар, әділетсіз сотталған адамдар қаншама.

Шығармашылық адамдар — бұл мемлекеттің, ұлттың шырағы. Оларға шығармашылық ойлау қабілеті құдайдан берілген. Кез келген сауатты адам әкім, министр, директор бола алады. Жақсы болсын, жаман болсын жұмыс істей алады. Ал, ең үздік жоғары оқу орнын бітірген кез келген адам кем дегенде жаман ақын, жазушы, суретші, әртіс, әнші бола алмайды. Бұл алдымен Құдай беретін, содан кейін осы бағыттағы еңбекпен келетін қасиет.

Сондықтан, олар сирек кездесетін, таңдаулы адамдар.

Сондықтан, олардың барлық материалдық, әлеуметтік, шығармашылығын дамыту мәселелерін шеше отырып, мемлекет тарапынан күшті қолдау қажет.

Бұл айтылған шығынның бәрі біздің бюджет шығынымен салыстырғанда өте аз. Бұған құйылған қаражаттың қайтатыны сөзсіз.

Мысалы, Димаш Құдайберген еліміздің танымалдығын әлем алдында күрт көтерді, ол бұл ретте мемлекеттік басшы шенеуніктеріміздің бәрінен 100 есе көп еңбек сіңірді. Егер 1000 шығармашылық адамның ішінен біреуі ғана әлемдік деңгейдегі жұлдыз болып шықса, онда 10 жыл бойы 1000 адамға жұмсалған барлық шығынымыз өтеледі.

Жалпы, шығармашылық адамдардың идеологиялық, патриоттық, мәдени пайдасы — бұл мемлекеттің есептеуге жатпайтын таза пайдасы.

Біздің ұсынысымыз:

1. Тұрғын үй жағдайын жақсартуды қажет ететін, мүлдем тұрғын үйі жоқ азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету.

(Егер 10,0 миллион теңгеден есептесе, мұндай адам саны 2-3 мың адам болуы мүмкін (10 миллион теңгеге біздің ұсынысымыз бойынша кемінде 150 м² үй

салуға болады). Сонда жалпы сома 20-30 млрд. теңгені құрайды. Бұл шығын - 2 жыл ішінде аяқтауға, сөйтіп түбегейлі шешім тастауға болатын бірмезеттік мәселе. Егер жыл сайын 300-400 адам қосылатын болса, шығармашылық адамдардың тұрғын үйге деген тұрақты шығыны 3-4 млрд. теңгені құрайтын болады).

2. Жыл сайын олардың шаруашылық және тұрмыстық шығындарын жабуға әрқайсысына 2,0 млн. теңгеден бөлінсе, жалпы сома 14-15 миллиард теңгені құрайды. (Барлық шығармашылық адам саны 7 мыңнан астам деп, артығымен есептедік).

3. Шығармашылық шығындарды жабуға (аудармалар, симпозиумдарға, көрмелерге қатысу және т. б.) шығармашылық одақтарға 5-6 млрд. теңге бөлу қажет.

Сол кезде жыл сайынғы шығындардың жалпы сомасы 23-25 млрд. теңгені құрайды. Бұл сома көп емес. Біздің ұсыныстарымыздағы үнемделген сома триллиондармен есептеледі.

Және бұл ақшаны шығармашылық одақтарға ешқандай міндеттемесіз, ешқандай мемлекеттік тапсырыссыз, нені жазу, қалай жазу керектігін шектемей беру қажет.

Олар нені жазуға, қалай жазуға болатынын, әнді қалай айтуға, суретті қалай салуға болатынын бізге, мемлекеттік шенеуніктерге қарағанда жақсы біледі. Ешкім де қоғамға жат лаңкестік, зорлық-зомбылықты насихаттайтын шығарма жазбайтынына мен сенімдімін.

Осындай қажетті жағдайды жасай отырып, біз әлемдік ауқымдағы шығармашылық адамдарды дайындай аламыз.

Қандай болмасын аш-жаланаш, үйсіз-күйсіз, проблемасы басындағы шашынан көп адам нағыз шығармашылық шебері бола алмайды.

Бүгінде өте жақсы туындылардың өзі жарнамасыз танымал бола алмайды, ал мұның бәрі ақша. Шығармашылық одақтар бұл қаражатты бөлуді, пайдалануды өздері ғана, бірақ айқын, демократиялық түрде шешуі тиіс.

Бұл ақшаны пайдалануды бақылау да олардың ішкі ісі болуы тиіс. Менің ойымша, өзін-өзі бақылау шенеуніктер мен құқық қорғау органдарының бақылауынан әлдеқайда тиімді болады.

Міне, сол кезде жалған жемқорлыққа байланысты даулар болмайды.

Бақылаушы органдарымыз халық ақшасының жөн-жосықсыз жұмсалған миллиардтарын көрмейді, естімейді, ал шығармашылық адамдар бюджеттің 5-6 миллион теңгесін жұмсаса, ұлттық қауіпсіздікке төнген үлкен жемқорлық мәселені көрді.

Шығармашылық адам еңбегінің нәтижесі — жоғары рухани құндылық, онсыз қоғамды толыққанды деп есептеуге болмайды. Біз ұсынып жатқан қаржы олардың еңбегіне лайық берілуі тиіс құндылықтардың болмашы бөлігі ғана.

Егер бүгін ең болмағанда осыдан бастасақ, одан арғысы уақыт еншісінде. Бәріміз де жақсыдан үміттіміз.

Ислам Әбіш
Нұр-Сұлтан қ-сы, СИЗО,
138 қапас,
22 шілде 2019 ж.



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҚАЗАҚ ТІЛІ ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТІЛІ БОЛАТЫН УАҚЫТ КЕЛДІ!

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына жасаған тұңғыш Жолдауында Қазақ тілінің мәртебесі туралы айтты.

«Қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесіндегі деңгейі көтеріліп келеді. Қазақ тілінің ұлтаралық қатынас тіліне айналатын уақыт келді. Бұл үшін барлығымыз жұмыла әрекет етуіміз қажет», — деді Президент Жолдауында.

Дулат ИСАБЕКОВ:

ТІЛ БОЛМАЙ – ҰЛТ БОЛМАЙДЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа алғашқы Жолдауын жариялап, елдегі өзекті мәселелерді көтерді.

Жолдау аясында Мемлекеттік тіл мәртебесінің күн санап артып келе жатқанын атап өткен мемлекет басшысы «Қазақ тілі ұлтаралық қатынас тіліне айналуы керектігіне» ерекше тоқталып өтті.

Президенттің бұл тапсырмасына байланысты танымал жазушы,

Мемлекеттік сыйлықтың иегері Дулат Исабеков «Қазақ үні» порталы тілшісіне өз пікірін айтты.

— Елдің экономикасы да, өзге саяси мәселелері де оң шешімін табар. Біз үшін ең күрделі мәселе — Мемлекеттік тіл болып тұр. Тіл болмай — ұлт болмайды. Осыған дейінгі Жолдауларда тіл мәселесі там-тұмдап ғана қозғалып келді. Тіл мәселесінің осылай батыл көтерілуіне мен қатты қуанып



отырмын. Әсіресе, жоғары лауазымға тағайындалатын шенділердің барлығы қазақ тілін білуі керек деп айтар едім, — деді жазушы.

Сәбит ДОСАНОВ:

АЛТЫННАН ҚЫМБАТ АСЫЛ СӨЗ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог — Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына арнаған алғашқы Жолдауы халық пен билік арасына алтын көпір орнатып, қарым-қатынасты одан әрі нығайта түсті. Сондай-ақ, бұған дейін де Қасым-Жомарт Кемелұлына ел болашағын сеніп тапсырған халық ел өмірінің одан әрі гүлдене түсеріне нық сенді.

Осы Жолдауды тыңдап отырып, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» атты өлені ойыма орала кетті. Шындығында да, бұл Жолдаудың мәні-маңызы ерекше. Өйткені, ел билігінің тізгінін қолға алған Президенттің Қазақстан халқына деген ең бірінші Жолдауы. Біз тілге тиек етіп отырған осы Жолдаудың «Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі» атты 4-ші тарауының «Әлеуметтік көмек көрсету жүйесін одан әрі дамыту» атты бесінші бөлімі көңіліме ерекше бір жылылық ұялатты.

2017 жылдан бері Әлеуметтік көмекке бюджеттен бөлінетін

қаражат көлемі 17 есе көбейіп, аз қамтылған отбасыларға жылдан жылға айрықша қолдау көрсетіліп келе жатқаны көңіл қуантады.

Жаңа Жолдауда атап көрсетілгендей, халықты әлеуметтік тұрғыдан қолдау қарқынды түрде жүзеге аса бермек. Атап айтқанда, аз қамтылған отбасылардың балаларына қамқорлық көрсету кепілдендірілген әлеуметтік көмек енгізілмек. Бұл тұрғыда мектеп жасына дейінгі балаларға үнемі қолдау көрсету, барлық оқушыға тегін ыстық тамақ беру, оларды оқу құралдарымен және мектеп формасымен қамтамасыз ету, медициналық, соның ішінде стоматологиялық көмек алу және қоғамдық көліктерде жүру шығындарын өтеу секілді көмек түрлері көрсетілмек.

Жоғарыда атап өткен әлеуметтік қолдауды көрген әрбір отбасының шаңырақтарында шаттық орнап, марқайып қалатыны сөзсіз. «Әр қазақ — менің жалғызым» демекші, еліміздегі әрбір отбасының қуанышы — менің де қуанышым деп білемін. Әлеуметтік аз



қамтылған отбасылардың балаларын қолдау дегеніміз — кемел келешекке бастаған қадамымыз. Өйткені, бала біздің бауыр етіміз ғана емес, зор болашағымыз. Болашағымыз баянды болсын десек, балаларға қолдау көрсетуді жүйелі түрде жалғастыра беруіміз керек.

Сондай-ақ, Жолдау барысында Мемлекеттік тіліміз — қазақ тіліне баса назар аударған Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қазақ тілі ұлтаралық қатынас тіліне айналуы керек» — деп атап көрсетті. Осы тұста мен барша зиялы қауым өкілдерін осынау зор міндетті бірге орындауға шақырамын. Әрбіріміз алтыннан қымбат асыл сөзден тұратын Жолдауды ел арасында кеңірек түсіндіре отырып, жүйелі түрде жүзеге асыруға мұрындық болайық.



Смағұл ЕЛУБАЕВ:

ЕЛДІҢ КӨКЕЙІНДЕГІ ДІЛГІРЛІКТІ ДӨП БАСТЫ

Биылғы Жолдау әсіресе, мәдениет майданының өкілдері үшін ерекше болғанын атап айтайық. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ тілі туралы мәлімдеме жасай отырып, қазақ тілін ұлтаралық қатынас тілі ететін мезгілдің жеткендігін тілге тиек етті. Меніңше, бұл — Қазақстанның саяси өмірі үшін үлкен жаңалық. Қазақ тілі ұлтаралық қатынас тілі болуы үшін Жолдауда нақты атап көрсетілмеген астарлы дүниелер жатыр. Ол үшін Атазаңымыздағы мемлекеттік тілдің дамуына кедергі келтіріп, орыс тіліне ресми тілі ретінде басымдық беріп отырған отырған баптардан құтылуымыз керек. Тіл туралы

мәлімдемені жүзеге асыру үшін құқықтық реформалар қажет екені де анық. Президентіміз Қ.Тоқаев берген уәдесін орындайтынын баса айтты. Демек, елде көптеген оң өзгерістер орын алып, дамудың жаңа сатысына шығамыз деген үміт бар. Сондай-ақ жаңа Жолдау халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталғандығымен де ерекшеленді. Халықтың күткені де осы еді.

Қазір халық үшін әлеуметтік мәселе — бірінші кезекте тұр. Айталық, бізде әлеуметтік қолдауды қажет ететін отбасылар өте көп. Шынымен айтқанда, біздің халықтың басым бөлігі кедейлік шегінде өмір сүріп жатыр. Бәріміз де сол кедейлер қатарындамыз.



БЕЛГІЛІ ЗАҢҒЕР ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСКЕ ҚАТЫСТЫ ПІКІР БІЛДІРДІ

Белгілі заңгер Абзал Құспан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жасаған Жолдауына қатысты өз пікірлерімен бөлісті. Атап айтқанда, Президент өз Жолдауында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Орталық және жергілікті органдардың нормативтік құқықтық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізу ісін қайта қалпына келтіру қажет екенін айтқан болатын.



— Заңсыз және арандатушылық әрекеттерге барғаны үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдарының қызметкерлерін қатаң жазалау керек. Ондай қызметкерлерге тергеу саласында орын жоқ, — деген болатын Президент өз Жолдауында.

Осындай орай заңгер Абзал Құспан Президенттің тура айтқан өткір сынын қос қолдап қолдайтынын, өйткені осы мәселенің адвокаттар тарапынан көтеріліп келе жатқанына көп уақыт болғанын атап өтті.

— Ұлттық бюро қызметкерлері көрсеткіш қуып, арандатушылыққа барып жатуы туралы аз айтылып жатқан жоқ. Соңғы кездері «шенеуніктің бәрі — жемқор» деген халықтың арасында көзқарас қалыптасты. Әрине, жемқорлықпен күресу керек. Біз бәріміз жемқорлықтың азаюын қалаймыз, — деді заңгер А.Құспан.

Сонымен қатар, ол Президент айтқан арандатушылық мәселесіне мысал ретінде өзінің қорғауындағы Су ресурстары комитетінің экс-төрағасы Ислам Әбішевтің жағдайына тоқталып өтті.

— Мамыр айынан бері бұл мәселені көтеріп келе жатырмыз. «Ислам Әбішев пара алуға оқталды» деген айып тағылып отыр. «Қаз Байлық» ЖШС-нің шаруасын шешіп беру үшін ақша бермек болыпты-мыс. «Қаз Байлық» болса «Ешкімге ешқандай ақша бермедік және ондай ойымыз да жоқ» деп отыр. Олар өздерінің сыртынан «Әбішев ақша сұрады» деп, жала жабылып отырғанын білмейді де екен. Бәрін былықтырып жүрген Шәймерденов деген қаржы полициясының бұрынғы қызметкері. Ол «Қаз Байлыққа» тікелей де шықпайды. Ол сол серіктестікке қатысы бар бір адамды табады. Сөйтіп, бірнеше адамға айтылады. «Қаз Байлық» ақша бермейтін болғасын, ол қаржы полициясына барып арыз жазады. Ақыры, Ислам Әбішев ол параны алмаған соң, «Пара алуға ұмтылды» деп іс қозғайды. Міне, осыдан кейін мен Шәймерденовті «кәсіби провакатор» деп атаймын, — деп мәлімдеді.

Сонымен қатар, Абзал Құспан Ұлттық бюро қызметкерлері Ислам Әбішевке таяқтың ұшын Өмірзақ Шөкеев, Бердібек Сапарбаев, Асылжан Мамытбеков секілді белгілі лауазымды тұлғаларға бұрып, үстерінен арызданса, бостандыққа жіберетінін жеткізгенін де тілге тиек етті.

Заңгердің айтуынша, осындай арандатушылық әрекеттерге тыйым салыну керек.

Сондықтан, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауда айтқан жемқорлықпен күрес мәселесіндегі осы бір өзекті жайт заңгерлер тарапынан да үлкен қолдауға ие екенін жеткізді Абзал Құспан.

**ЖҮМЕКЕННІҢ
АРМАНЫ...**

Жүмекең бір қызық адам еді. Қазір ойласам, бастан кешкен тамаша сәттер аз болмапты. Орындалмаған жалғыз арманым бар екен. Қызық! Арманым сол Жұматай да, мен де, әттен, ақын болмағанымызда ғой! Бақытты ғұмыр кешетін едік. Өміріміздің көп бөлігін өлең жазып, кітап оқуға жұмсадық.

«Ақын деген тәнірлік жаратылыс», — дейтін Жүмекең. Мен соған сенетінмін. Кейін түсіндім ғой, ақындардың да ақыны бар екенін! Біз көп нәрседен бас тарттық!

Ешкімнің алдына барып ешнәрсе сұрамадық. Барымызды қанағат еттік. Ақын адам бай болмауға тиіс деп ойладық. Бірақ, біз бақытты ғұмыр кештік. Жүмекең, әсіресе, көктемде үй көрмейтін! Қалай көктем шыкса болғаны, кішкентай ойын баласы сияқты томпаңдап қыдырып кететін. Мен іштей «иә, көктемгі гастроль басталды», — деп ойлайтынмын. Ол кезде Жүмекеңді қолыңа шам алып іздесеңде таппайтынсың. Мен енді кітап оқуға, өлең жазуға кірісетінмін.

Сондай бір көктемгі «гастрольден» келген Жүмекең ұзақ ұйқыға кетті. Күнтүнімен ұйықтады. Сосын түк болмағандай жайрандап тамағын ішіп, домбырасын шертіп күнделікті өміріне кірісті. Мен үндемедім. «Қайда бардың, қайдан келдің?» — деп сұрамадым.

Арада күндер өтті. «Зәке, саған әңгіме жазатын күшті тақырып бар» — деді ол бір күні.

Бұл біздің тұрмыс құрған алғашқы жылдарымыз еді. Бір-бірімізді әлі де жете танымаған кезіміз. «Мен ауылға барып қайттым, ескі базға. Жылда көктемде біздің ауылға сығандар келеді. Сонда баяғыдан иесіз тұратын сиыр қора, иесіз қалған үйлер бар. Ауылдан жырақ орналасқан. Жыл сайын соларға барып, ән тындап, көктемнің айлы түндерінде далада маздатып от жағып, сол отты айнала билеп, ән салатын сығандармен бірге болып қайтамын! Олар менің туыскандарым тәрізді. Кейде соларға ілесіп кеткім келетін. Онда мені бір қыз күтетін. Сондай сұлу, сондай текті, өзі керемет ән салады. Сол қызбен қоштасып келдім», — деді. «Иә, оны маған неге айтып отырсың?» — дедім. «Сен сол сыған қызы туралы жазшы, Зайдашқа!» — деді.

«Пай-пай, не деп жазамын?! Сен де сол өткен ғасырларда сығандар туралы романтикалық сарында жазылған әңгіме-повестердің кейіпкері болсам деп армандап жүргеннен саусың ба?!» — дедім.

Ол үндемей қалды. Сәлден соң есіктің алдына шықты. Өкпелеп қалмасын деп сонынан мен де шықтым. «Зәке, мен елімді, жерімді, халқымды сүйемін. Бірақ, әлемнің көкжиегін кесіп өтіп, таңмен таласа тұратын сығандардың өмірі маған өте ұнайды. Кейде соларға ілесіп әлемді араласам деп армандаймын», — деді ол. «Ее, Жүмеке, сізге еркіндік жетпей жүр ғой, сірә! Жаңағы сыған қызы туралы әңгіменің аяғын қашан айтасыз?» — дедім. «Зәке, кейін айтм, кейін», — деп ол үйге кіріп кетті.

Мен оны енді мазаламадым. Далада ай жап-жарық еді. Жұлдыздар төгіліп кетердей

жыпырлап тұр. Менің енді сол ғажайып сыған қызын көргім келді...

**ОТБАСЫЛЫҚ
ӘҢГІМЕ...**

Естелік жазуға отырғанда мен әрқашан жымып, күлемін. Арада қаншама жылдар өткенде біздің өткен өмірімізге мүлде басқа көзқараспен қараймын. Біз бір кішкентай томпақ балалар сияқты едік. Қызымыз Айкүн анда-санда Майра әкпемнің үйінен келгенде, бізге үлкен кісілерше ақыл айтатын. «Зайдашқа, Жұматашқа, сіздер көп жұмыс істеп, үлкен үй алыңдар. Мен келген сайын біз Майрашқа



Зайда
ЕЛҒОНДИНОВА,
ақын, Халықаралық
«Алаш» әдеби
сыйлығының
лауреаты

мамам екеуіміз үйлеріңді таппай қаламыз» — дейтін.

Қызымыз кішкентай ғой, біздің пәтерден пәтерге көшіп жүретінімізді қайдан білсін. Серік жездем көлігімен алып келмесе, әкпем мен қызым, әрине, үлкен қаладан адасып кетеді ғой. Айкүн келді деп Жүмекең өзінің ең жақын достарын, құрдастарын шақыратын. Олар таңға әңгіме-дүкен құрып отыратын. Көбінесе, отбасылық

әңгімелер айтылатын. Біздің кішкентай Айкүн де папасының домбырасын алып: «Менің атым Әкөлек», — деп әндете жөнелетін.

«Пай-пай! Менің Әкөлегім қандай әнші!», — деп Жүмекең де бір көтеріліп қалатын.

Сосын, Жүмекең кішкентай Айкүнге сәбилерге арналған қоспа сүт пен емізік аламын деп дәріханаға барып, достары кездесіп қалып, той-тойлап кеткенін айтатын. «Талдықорғанда, 5-ші мөлтекауданда Зайдашқаның бөлесі Нұрсипа әкпеміздің кең сарайдай 3-бөлмелі үйінде тұратынбыз. Іші толған жиһаз. Жаңа туған сәбиімізге құтты болсын айтып, қаланың таныс қыз-келіншектері келетін. Олардың кім екенін қайдан білсін, біздің Зайдашқа ұят болмасын деп келістіріп дастарқан жасайтын. Аяғы жерге тимей жүгіріп,

Бірден орталықтағы дәріханаға кіріп, қызымның сүтін алып шығып келе жатсам, ақын Әбен Дәуренбеков пен журналист Токтасын Сүгірбеков кездесе кетті. Содан «ресторан-датып» кеттік. Оң қолыммен қызыма алған сүтімді ұстап, сол қолыммен тамақ жеп отырған маған қарап Әбекен мен Токтасын ішек-сілесі қатып күліп жатыр.

— Әп бәлем, Айкүн батыр сені әбден бағындырып тастапты ғой, — деп.

Содан мейрамханадан түн ортасында шықтық. Ол кездері Талдықорған қаласында түнде такси жүрмейтін. Токтасын мен Әбекен оң қолымды шошайтып, екі қолтығымын ұстап, үйге жақындатып тастады.

— Әй, Жұматай, Әкөлектің сүтін төкпей апар. Осы мөлтек ауданда ой-шұқыр көп, — деді

— Ал, енді сен Зәйдәшті мақта, Жұматай, — дейтін.

— Біздің Зайдашқаны көп мақтауға болмайды. Ол мақтанып кетеді. Бала сияқты адам ғой. Зайдашқаны мен тек үйде, онашада «Актентегім» деп мақтап қоямын, Әбекелі! — дейтін.

— Қуын қарай гөр өзінің, — деп Әбекен қарқ-қарқ күлетін.

ЖОЛ...

1989 жыл. Оңғак күндей өмір өзгере бастады. Тамтығы ғана қалған Кеңес үкіметі ыңыранып әрең-әрең тыныстап жатты. Бір үлкен өзгерістің келе жатқанын жүрегіміз сезетін. Дүкендерде азық-түліктің кезегіне тұрған қаптаған халық. Әсіресе, ет, сары май дегендер қат еді. Ол кездері мен «Қазақстан» телеарнасының «Алатау» филиалында қызмет істейтінмін. Үй алып, мен

ОЛ КЕЗДЕ

Жұматай Жақыпбаев туралы жаңа кітаптан

күн



колы-колына жұқпай, шыны-аяғын бірде-бір сылдыратпай қонақ күтетін. Сондай бір сәтте Қарлығаш пен Ақбаян деген екі подругасы келе қалды. Екеуі де менің ең жақын достарым Айдархан мен Сейіттің жұбайлары еді. Қыздар шүйіркелесіп кеткен соң, мен көшеге шығып сейілдеп қайтпақ болдым.

— Әкөлектің сүті таусылып қалды, жолдан ала салшы, — деп біздің Зайдашқа өтініш білдірді.

де, Әбекен Токтасынды жетелеп жөндеріне кетті.

Айнала тас қараңғы. Салынып жатқан жаңа құрылыс. Байқамай бір қазан шұңқырға абырой болғанда аяғыммен дік ете түстім. Енді таңның атуын күткеннен басқа амал жоқ еді. Сөйтіп, жарға жабысып тұрып қалып кетіппін. Әлдебір дабыр-дұбырдан көзімді ашып алсам, алдым көлкіген су. Құдай сақтап, құрылысшылар шығарып алды.

— Мына траншеядан мені қалай көрдіңдер? — десем, құрылысшы жігіттер күледі.

— Аға, ең алдымен шұқырдан шығып тұрған қолды көріп шошып кеттік. Не де болса біреу байқамай түсіп кеткен ғой деп жақындасак, бір қолымен жарға жабысып ұйықтап тұрған сізді көрдік, — деді.

Мен мән-жәйді түсіндірдім. Жігіттер де мәз болды. Сөйтіп, мәре-сәре болып, жігіттерді қонаққа ертіп келдім үйге. Келсем Әкөлегім өзіме тартқан көзі мөлдіреп, бетіме қарап езу тартты», — деп Жүмекең мәз болып әңгімесін аяқтайтын. Өзіне тартқан кішкентай Айкүнінің әрбір қылығын достарына жырғып айтудан әсте шаршамайтын.

Жүмекеңнің бұл қылығы 12-көшелі Талдықорған қаласына жыр боп кетті. Әбекеннің сұлу жары Қайыңжамал үйлеріне қонаққа барғанда «сол оң қол туралы әңгімелеріңді тағы да айтыңдаршы», — деп қолқа салатын.

Содан, ақын Жұматай Жақыпбаев пен ақын Әбен Дәуренбековтің балалары туралы жыр-дастандары басталатын. Қоңыр домбыраның күмбіріне қосылып Жүмекең Айкүн туралы термелетсе, бір айтары бар Әбекен ара-арасында әу деп қойып Гүлзадасы туралы тақпақтай жөнелетін. Әбекен біздің Қайжа деп келіншегі Қайыңжамалды мақтап-мақтап алып:

қызметке тұрып, кітаптарымыз шығып, тұрмысымыз жөнделіп қалған. Жүмекең көңілді. Менің бастықтарым Еңілікхан Сафанович (өзі осылай деп атағанымызды жақсы көретін) және Айтан Нүсіпхан Жүмекеңнің достары еді. Әсіресе, Еңілікханаға «Жұматайдың қалы қалай?! Үйіңе бар, Заида. Міне, саған 140-сом қаламақы (гонорар) қойдым. Қыдырыңдар! Қызметте мінетін көліңді мініп кет. Жүкене керек болар», — деп мені жұмыстан үйге ерте жіберетін. Сол 1989-жылдың көктемінде біз қызмет істейтін «Қазақстан» телеарнасында үлкен ауыс-түйіс болды. Жүздеген адам қысқартуға ілінді. Жүмекең қатты уайымдап қалды.

— Жүмеке, уайымдамаңыз Алла бұйыртса, бәрі де оңынан шешіледі, дедім.

— Зайдашқа, қазір мамыр айы ма?! — деді ол.

— Иә, — дедім мен.

— Кеттік, — деді ол.

— Қайда?! — дедім мен.

— Ауылға. Базға барайық.

Мүмкін сығандар келген шығар, — деді ол.

Мен ойланып қалдым.

— Жұмыстан шақырып қалса қайтемің?! — дедім.

— Зәке, уайымдама. Бір апта мен демалайын. Өлең жаза алмай қалдым, — деді.

Сөйтіп, біз жолға шықтық.

САҒЫНЫШ...

Қазір іңір қараңғылығы қоюланды. Терезеден сыртқа қарап отырмын. Терезеден түскен көше шамдарының жарығы бөлмені жап-жарық қып тұр. Сыбызғы тындап отырмын. Жарық жаққым келмеді. Жүрегімді сағыныш кернеді. Бұдан отыз жыл бұрынғы оқиға есіме түсті. Біз ескі базға күн бата келдік. Ескі баздың күзетшісі апа мен ата Жұматайды таниды екен. Бізді құшақ жая қарсы алды.



сезсем де сезбегенсіп жүрдім. Қолынан испанның ұлы ақыны Хуан Рамон Хименестің кітабы түспейтін. Көп сөйлемейтін. «Молодые поэты защищались, нападая, а выйдя в большую литературу, с благодарностью, но покидали наставника. Постепенно вокруг Хименеса возникла пустота», — деп жазған Хименестің өмірін зерттеушілер.

Дәл сол кезде ақын Жұматай Жақыпбаев та осы күйді бастан кешкен сынайлы. «Мир Хименеса — это мир, где «сталкивается звезда со слезой», — деп жазады ұлы ақынның өмірбаянында зерттеушілері. Ғажап ұқсастық! Хименестің жасыл мұқабалы таңдамалы жыр кітабының мұқабасы жыртылған ша қолынан тастамаған Жүмекен, кім біледі, испан ақынынан өз тағдырын іздеді ме екен?!

«Человек не выявляет себя в истории, он пробивается сквозь нее», — деп жазады үндінің ұлы ақыны Тагор. Қазақтың ғажайып ақыны Жұматай Жақыпбаевты өз шығармашылығы ерте есейтті.

Ол өмір бойы көп оқыды, бірақ, аз жазды. Жаңа жазған жырларын төрдің алдына ша-

Жұматайдың өмірінде тылсыммен жұмбақ көп болды. Кейде ол өзін өзі түсінбейтін. Сондықтан да, ол өз өміріндегі жан мен тәннің арпалысынан шаршады. Ақылмен сананы, өмірге деген құмарлық пен құштарлық жеңе берді. Жігіт емес пе, іңкәрлік сезімі де оны көп мазалайтын. Мұның барлығын жеме-жемге келгенде, ақынның ғажайып таланты жеңіп кететін. Ол өзі үшін күреспеді. Ол бәрін де түсінді. Тірлігіндегі күресі жеңіліспен аяқталатынын ерте сезінді. Серілік құрып, сергелдең ғұмыр кешуінде үлкен мағына жатты. Ол бәрін ерте айтып, ерте жазып қойды. Енді айта тын ешнәрсе қалмады. Ғашық болғысы келді, бола алмады. Сығандармен кеткісі келді, кете алмады...

Жұматайды өзі өмір сүрген ортасы, қоғамы қанағаттандыра алмады. Соңғы жылдары ол ұйқылы-ою күн кешті. Ол ақындық тоқырауды бастан кешті. Бұл тақырыпта біз Жүмекенге кеуміз сирек те болса әңгімелесіп тұратынбыз.

Арада қаншама жылдар өткенде мен осы тақырыпты терең қозғауды жөн көрдім. Әрине, өзім үшін. Өзімді-өзім түсіну үшін. Мен әу бастан күнде бір қылық шығаратын Жүмекенді зерттей бастадым. Отбасында түсіністік болсын деген мақсатпен. Кейін ол менің кейіпкеріме айналып кетті. Өмір бойы маған «Жүмекенді қыздардан қызғанбадыңыз ба?!» — деген таптаурын сұрақ қойылды. Адамдар қызық! Олар кейде менің де адам екенімді ұмытып кететін, менің Жүмекен туралы жазған кітабымды оқып алып, Жұматай тірі болса «біріншіден, бұл кітаптың объектісі мықты, екіншіден кітапты жазған адам одан да мықты», — деп мұртынан күлер еді.

Ақындық мұны мен тылсымы терең жұмбақ тағдыр бізді көктемгі селдей ағызып бара жатты. Кім қайда барады, кім қайда қалады?! — деген сұрақ мені жиі мазалайтын! Біздің қоңыр үйімізде қоңырқай тұрмыс кешкен екі тағдыр, екі ғұмыр «сталкивается звезда со слезой», — деп ағысқа қарсы жүзіп арпалысып жатты.

Біз көлікке отырып, бұлт жамылған биік тауларды бетке алып жолға шықтық. Біз мәңгіліктің көктеміне кетіп бара жаттық. Бірақ оны Жұматай да, мен де ол кезде білген жоқпыз.

ФРАНЦУЗ СОРПАСЫ...

Біз онда Талдықорған қаласында тұратынбыз. Жүмекен облыстық радиода қызмет істейтін. Орыс редакциясына орналасып, орысша мақала, очерк, тіпті, өлең жазып жүрген кезі еді. Жаспыз. Облыстық «Октябрь Туы» газетінің редакциясында шығармашылық бас қосулар жиі болып тұратын.

Бірде редакциямыз Алматыдан ақын Әбділді Тәжібаев пен жазушы Әзілхан Нұршайықов келді. Керемет кездесу болды. Ақындар жыр оқып мәре-сәре болып қалдық. Кездесудің әсерімен біз Жүмекенге екеуміз үйге келіп әдебиет туралы, поэзия туралы әңгімеге кірісіп кеттік. Әңгіме кімнің қанша кітап оқығаны туралы болды.

— Зайдашқа, сен қанша кітап оқыдың?! — деді Жүмекен.

— Алты мың кітап оқыдым.

— Мәссаған! Сен оқыған кітабыңды санап жазып жүрдің бе?! — деп ол таң қалды.

— О, не дегенің! Ауылдағы кітапхананың кітабын оқып тауыстым мектеп бітіргенше.

Бірде кітапханашы апай: «Заида қызым, біздің кітапханада Алты мың кітап бар еді. Соның бәрін оқып бітірдің. Енді жаңа кітап келгенше күтесің», — деді.

— Менен де көп кітап оқыпсың ғой, — деп Жүмекен шынымен таң қалды.

— Зайдашқа, менен қандай да бір тілегің болса сұра, — деді ол көңілденіп.

— Өзің білесің, Лев Толстой атамның керемет бір «кемшілігі» болған. Бірақ, сол «кемшілік» Лев Николаевичке шығармашылықта қаншама көмектесті. Ақырында сексен екі жастағы жазушының үйінен кетуіне себепші болды. Сүйіп қосылған әйелі Софья Андреевнаның өмірі қызғанышпен өтті. Жазушы әйеліне өзінің күнделігін оқуға берді. Күнделікте Лев Николаевичтің бүкіл көңілі жақын қыздарының аты жазылған екен. Содан қырық сегіз жыл бірге тұрған әйелі Софья Андреевна он үш бала туса да, жарына салқын боп, қызғанышпен өткен ғой.

— Иә, сонымен не айтпақсың, Зәке?! — деді Жүмекен күліп.

— Айтпағым, Жұмаш, сен өзіңнің өткеніңді айтпашы, — дедім.

— Мәссаған, соны айту үшін Толстой атамның өмір-тарихын айтып, «емтихан» тапсыру керек болды ма?! — деп Жүмекен ішкесілесі қатып күлді.

— Зайдашқа, мен саған француз сорпасын жасап берейін, — деп пияз, қытай сарымсағы, қара бұрыш, аздаған қапуста ма, картошка ма қосылған қара суға сорпа әзірледі. Бір ұрттап дәмін көргеннен-ақ удай ащы сорпа өзегімді өртеп кетті. Енді екеуміз мез болып, күліп-күліп ұйықтауға жаттық.

— Сорпаға не жетпегенін білесің бе?! — деді ол ертесіне ұйқыдан тұрғанымызда.

— Айта көрме... — деп мен далаға атып шықтық.

— Тауық етін қосуға болады екен, мен ұмытып кетіппін, — деп ол тағы да мұртынан күлді.

— Әй, пәле-ай, менен «өш» алғын келген ғой, — деп мен де күліп жібердім. Біздің үйімізді тағы да көңілділік жайлады...

жарық еді...

— Ат жаратуға келдің бе, балам?! — деді ата.

— Жок, ата, қаладан әбден шаршадым. Келініздің де қазір қолы бос. Тауға шығып, ет жеп, қымыз ішіп, таза ауада демалуға келдік, — деді Жүмекен.

— Келін қызғаншақ емес пе, қалқам?! Жұматай айналайын, сенің сығандарың жылда келеді осында. Сен келмей кеттің... — деді апа.

— Келініз ақын ғой, апа. Мені жақсы түсінеді, — деді Жүмекен.

— Апай, біз Алматыға көшіп кеткелі де біраз уақыт өтті. Қолымыз тимеді, — дедім.

Менің бетіме танданысын жасыра алмай, антарыла қараған ата мен апаның енді ғана жүзі жылынды.

Қуырдақ жеп, қымыз ішіп, таза ауада тыныстаған Жүмекеннің ажары кірді. Далада самауыр қойып, шай қайнатып жүрген апа:

— Жұматай балам, сенің сығандарың ана төбенің басында маздатып от жағып жатыр! — деп айғай салды.

Жүмекен менің бетіме жалт қарады. Мен күліп жібердім.

— Еңкейші бері, — дедім.

— Сен бақытты болсаң болды, Жүмеке! Сығандарыңа өзін барып қайт, — дедім.

— Ал, сен ше?! — деді ол екі көзі жасаурап. Мен жымыдым.

Ол баяғыдай:

— Рахмет, қарындасым, — деп, ақырын ғана мандайымнан сүйіп, далаға шығып кетті. Мен оның көзінен бір тамшы жас көрдім. Дастархан жиналған соң, жолдан шаршап келген мен, апаның құс жастығына басым тиісімен қалғып кеттім. Түсімде сол лаулатып от жағып, отты айналып билеп жүрген сығанның сұлу қыздарын көрдім. Көкжиекті бетке алған сыған көшін көрдім. Солардың соңынан кетіп бара жатқан Жұматайды көрдім.

— Жүмеке, тоқта, тоқта! —

деп соңынан жүгірген маған ол бұрылып та қараған жоқ.

Түсімде егіліп жылап ояндым. Қарасам, Жүмекеннің төсегі бос жатыр екен...

МӘНГІЛІКТІҢ КӨКТЕМІ...

Ертеңіне кешке жақын келген Жүмекеннің көзінен терең мұң көрдім. Қасында мен танымайтын біраз адамдар бар.

— Ал кеттік, Зәке, тау-тасты аралаймыз, — деді ол.

— Қызық екен, қайда барамыз?! — деген менің сауалыма ол ойланyp барып жауап берді.

— Мәңгіліктің көктеміне барамыз, Зәке!

Мен енді үндемедім. Соңғы кездері оның өлең жаза алмай қиналып жүргенін байқағанмын. Өлең жазса, жыртып тастап жүретін. Көптеген достары теріс айналып, көшеде көрсе көрмегенсіп өте шығатын. Ол байқамауға тырысатын. Мұның бәрін көрсем де көрмегенсіп,

шып тастап, бірнеше күн шетінен оқып, ұнамағанын жыртып отыратын. Ал испанның және бір ұлы ақыны Федерико Гарсиа Лорканың тағдырынан өзін көретін. Сонау 1970-ші жылдардың ортасында Лоркаға бір топтама жыр арнауы да Жұматайдың сол кезде ешкім түсінбеген болмысымен таланттының ашылмауынан деп ойлаймын.

Айта кететін жай, сол кездегі Қазақ мемлекетінің аумағы қазіргі Қазақстан Республикасының аумағынан әлдеқайда көп болатын. Мысалы, бастапқыда Қазақ мемлекетінің құрамында болған Қарақалпақстан 1930 жылы жеке автономия болып бөлініп шықты. 1934 жылы Тамды, Ушқұдық жерлері, 1956 жылғы Бостандық ауданы түгелімен, Киров ауданының Тимирязев совхозы, 1963 жылы Ақалтын және Ильич аудандары (бұрынғы Мактаарал ауданының жерінде орналасқан), Мырзашөл ауданы (бұрынғы Жетісай ауданының жерінде орналасқан), Шымқорған, Қызылқұм, Амангелді, Арнасай, Ильич совхоздары (бұрынғы Киров ауданының жерінде орналасқан), 2002 жылы Түркістан ауылы (бұрынғы Сарыағаш ауданының жерінде орналасқан), Қызылорда облысының Нысан-1, Нысан-2, және Баймұрат елді мекендері Өзбекстанға берілді.

Оның үстіне сол тоқсаныншы, нөлінші жылдары қаншама жеріміз іздеусіз, сұраусыз, атаусыз «құдайы көршілеріміз» өзбектер мен қытайларға «өтіп кетті».

Ташкент қаласын қазақтарда қалдыру үшін жан аямай шайқасып, ең соңында болмаған соң (өзбектердің санақ жүргізудегі қулығының, Мәскеудегі «қожайындардың» бұра тартуының арқасында), өзбектерге тек қаланың өзін ғана қалдырып, айнала қоршаған жерлердің бәрін алып қалған Сұлтанбек, тәуелсіздік жылдары шекара сызығының сол Ташкенттен 60-70 шақырымдай ұзақта орналасқан қазақтардың есігінің алдындағы алақандай ауласының ішімен өткенін білсе, не айтар еді?

1925 жылы сәуір айында Ақмешіт қаласында өткен Кеңестердің Бүкілқазақтық І-съезінде С.Қожановтың тікелей ұсынысымен қазақ халқының тарихи атауы қайтарылып, патшалық кезден бұрмаланып кеткен «киргиз» деген ат төл атауымыз – «қазаққа» түзетіліп, жаңа астананың аты «Қызылорда» болып өзгертілді.

1925 жылдың маусым айында Қазақ өлкелік Орталық комитетінің Бірінші хатшысы Нанейшвили В.И. Мәскеуге шақырылып алынды да, бұл лауазымға осы жылдың қазан айында Голошкекин Ф.И. тағайындалғанға дейін, жарты жылдай Қазақстанның іс жүзіндегі бірінші басшысы қызметін атқарды.

С.Қожанов, большевиктер бұл кезде тарих қойнауына жіберген Наурыз мейрамын өмірге қайта оралтып, бұл мейрамға қарсы шығушыларға ашық та жойқын тойтарыс берді.

С.Қожанов көптеген қазақ газеттерінің ұйымдастырушысы: революцияға дейін – «Бірлік туы» газетінің, «Кенес» журналының редакторы, революциядан кейін «Ақ жол» газетінің бас редакторы, «Шолпан» журналының белсенді қызметкері болды. Оның қаламынан қазақ совет өмірі мен әдебиет мәселелеріне арналған өлеңдер, сын мақалалар, эсселер шықты. Оның шығармашылық мұрасында тіл тағдырына, терминологияға,

жергілікті ұлттардың әліппесіне, саны аз халықтардың мұң-мұқтажына арналған, «Тоқпақ», «Тарпан» және «Замандас» деген лақап аттармен жарық көрген көптеген сын және әдеби-публицистикалық мақалалар бар.

С.Қожанов 1924 жылы мектепке арналған «Есептану құралы» («Арифметика», 1-бөлімі) оқулығын жазып шығарды.

1928 жылы С.Қожановтың «Түркістан Кеңес автономиясының он жылдығына» деп аталатын кітабы жарық көрді. Ондағы көтерілген мәселелер өзінің маңыздылығы жағынан әлдеқайда кең де аумақты болды. Автор Түркістан Республикасының құрылуын қоғамның саяси өркендеуімен, әрбір кезеңдегі ұлттық мәселелер шешімінің алар орнымен, ұлттың өзін-өзі тануындағы қиыншылықтармен ұштастыра отырып баяндайды. Бүгінгі күні бұл кітап өзінің ғылыми және тарихи құндылығымен қымбат.

С.Қожанов 1929 жылы Ташкентте Орта Азия мақта-ирригациялау политехника институтын ашты және оның алғашқы директоры болды. Ол құрылысқа өзі басшылық жасады, ұстаздар тартты, олардың көпшілігі бұған дейін ауқатты әулеттен шыққандықтан, құдаланып келген болатын, қажетті мамандарды Мәскеуден және Ленинградтан шақыртты. Кейіннен осы институттың өзінен Өзбекстанда ғана оншақты жоғарғы білім ошақтары бөлініп шыққаны тарихтан белгілі.

Сұлтанбек шынайы поэзияны жоғары бағалады, өзі де өлеңдер, сыни мақалалар жазды. Мағжан Жұмабаевтың жағдайы болмай, қиналып жүрген кезінде баспаналы болуына көмектесті, өлеңдер жинағын шығаруына ұйытқы болды, кітапқа өзі алғысөз жазды.

Ахмет Байтұрсыновқа қолдау көрсетіп, оның елу жылдығын кеңінен атап өтті.

Сол сияқты, ғалым Әбубәкір Диваевтың да елу жылдық мерейтойын жасап берді.

1930 жылдың екінші жартысында болған репрессия пышағы сан мыңдаған маңдайалды азаматтардың өмірін аяусыз қидалады. Сұлтанбек Қожанов та 1937 жылы тұтқындалып, 1938 жылдың ақпанында Мәскеу абақтысында атылды. Оның есімі ұзақ жылдар бойы, Әлихан Бөкейхановтың, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың және де көптеген ардақты есімдермен қатар, естіріліп айтылмады. Бұл үшін ол кездерде «Коммунистің партияның және Қазақстандағы социалистік құрылыстың бағытына қарсы шыққан ұлтшыл-ауытқушыл» деген бір ауыз сөздің өзі жеткілікті болатын.

1957 жылдың 5 шілдесінде ССРО Жоғарғы сотының Әскери коллегиясы 1937 жылдың 16 шілдесінде тұтқынға алынған С.Қожановты айыптау жөніндегі істі қайта қарайды. Жаңадан ашылған жағдайларға байланысты және қылмыстық әрекеттің болмауы себепті Әскери коллегияның 1938 жылғы 8 ақпанындағы үкімі орынсыз деп табылды және күшін жойды.

С.Қожанов қайтыс болғаннан соң толықтай ақталды.

Қазақта «Өмір-өзен!» – деген тамаша теңеу бар. Өлеңдей ұйқасып, әдемі айтылғанмен оның мағынасы сол өзеннің тұңғиындай тереңде жатса керек. Сырттай қарағанда айнадай жарқырап, өз арнасын толтырып тұрғандай көрінгенмен, тоқтаусыз алға жылыстап аға береді. Сол өзен арнасымен адамзат атаулыға бұйырған өмір көші де өз сапарын тоқтаусыз жалғастыра беретінге ұқсап кететіні бар. Уақыт шіркін де жылдар жүгін арқалап, сол ұлы көшке ілесіп қайырылмай кете береді...

Кеше ғана тай-құлындай тебісіп, бір асықты артық ұтып алсақ бөркімізді аспанға ататын балалық шақтың қызығы артта қалып, сұрапыл соғыстан кейінгі қиындығы мол жылдардың жарасы да жазылып, уақыт өз дегенін мойындатты. Бір жапырақ нанды бөліп жеп, бірге өткізген жылдар да жырақта қалғанын енді ғана аңғарғандаймыз. Бала кезден бірге өсіп, жұбымыз жазылмаған жан досым Ақан Ақатұлы Оспанов бүгінде жетпіс жасқа толып отыр. Бүкіл саналы өмірін халқына қызмет етуге арнаған, туған елі үшін адал еңбек еткен досымызды біз мақтан тұтып, кейінгі жастарға үлгі етуге толық қақымыз бар деп нық сеніммен айта аламыз.

Ақан Ақатұлы 1949 жылы 11 қыркүйекте Алматы облысы Панфилов ауданы Қоңырөлең ауылына қарасты Ақшоқы деген жайлауда дүниеге келді. Әкесі Ақат пен шешесі Зейнелхан сол кездегі орталығы «Қоңырөлең» ауылы аймағында орналасқан «Октябрь» деп аталған қой шаруашылығында шопан болып ұзақ жылдар қажырлы еңбек еткен. Ауыр жұмыс, қиын кезең болғанмен ата-аналары 6 ұл мен 3 қызды дүниеге әкеліп, оларды аман есен өсіріп, оқытып жеткізді. Бүгінгі күні барлығының жеке отбасылары, бала-шағалары бар, олардан немере шөбере сүйіп отыр. Ақанның әкесі Ақат 1991 жылы қайтыс болды. Ардақты анасы Зейнелхан бүгінгі күні 92 жасқа келіп, осы Ақанның қолында бақуатты өмір сүруде.

1957 жылы Қоңырөлең орта мектебінің табалдырығын алғаш аттаған 44 ұл-қыздар 1967 жылы білім ордасынан түлеп ұштық. Ақанның өмірлік белсенділігі мен ұйымдастыру, көшбасшылық қабілеті бала кезінен байқалған-ды. Мектепте ететін түрлі көпшілік шараларды ұйымдастыруда алдына жан салмайтын. 1977 жылы Қоңырөлең мектебінің тарихында бірінші болып 10 жылдық, 2017 жылы мектепті бітірген түлектердің 50 жылдығы кең көлемде есте қалатындай атап өтуге мұрындық болды. Бірге оқыған түлектердің ішінде елге елеулі қызмет еткен азаматтар аз болған жоқ. Солардың қатарында ғылым докторы, академик Жазылбеков Нұрғалым, ауданда басшы қызметтерде болған Бейсеғұлов Нұрқапыз, білікті дәрігер – Ерасылова Айманкүл, ұзақ жылдар жастарға саналы тәрбие, сапалы білім берген ұстаздар – Тулақбаева Бақытқан, Шоқпарова Розаны атауға болады.

Ақан Оспанов 1968 жылы әскер қатарына шақырылып, 1970 жылға дейін Мурманск облысында Солтүстік әскери флотта Отан алдындағы борышын өтеп қайтты. Әскерден соң еліміздегі ең байырғы жоғары оқу орындарының бірі – Алматыдағы ауылшаруашылығы институтының экономика факультетіне түсіп, 1975 жылы оны ойдағыдай бітіріп, ғалым агроном-экономист деген мамандық алып шықты. Институт қабырғасында қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, 5 жыл оқу тобының старостасы болды. Студенттік шақ ешқашан ұмытылмайды, Ақан институтта бірге оқыған достарының көбімен осы күнге дейін қарым-қатынас жасап тұрады. Институтта бірге оқыған достары А.Адамов көп жылдар аудан әкімі, М.Батырбаев, О.Бекенов, К.Әлімбаев, А.Жұматаев, А.Өтеев, Б.Бекайдаров облыстағы түрлі ірі мекемелерді басқарды.

Ақан Ақатұлы 1975 жылы институтты бітірген соң сол кездегі аудандық ауылшаруашылығы басқармасының



АЛҒЫС пен АБЫРОЙҒА БӨЛЕНГЕН АЗАМАТ

шақыруымен жалақы және еңбек жөніндегі экономист лауазымынан бастап, кейін аудандық басқару органдарында әр түрлі жауапты қызметте 36 жыл, яғни, 2013 жылдың наурыз айына дейін зейнеткерлікке шыққанша тұрақты қызмет атқарды. Кеңес заманында ауылшаруашылығы бөлімін басқарып, сол кездегі аты елге танымал Н.Головацкий, И.Қожахметов, И.Белалов, А.Сауранбаев, аудан басшылары С.Беспәев, Ә.Ыбрайымолдаев, А.Тұрғанбеков сияқты тұлғалармен қызметтес болып, туып өскен ауданының ауылшаруашылығы саласын дамытуға өзінің қомақты үлесін қосты.

Сөзіміз нақты болу үшін мына бір нәтижелерді айта кеткеніміз артық болмас. Аудан өткен ғасырдың 80 жылдарының аяғында мемлекетке 35 мың тоннадан астам ет, оның ішінде 20 мың тоннадан астам үйрек етін өндірісе, жүгерінің таза дәнінің көлемі 220-230 мың тоннаға дейін жеткізген болатын. Қой бордақылау алаңдарында 10 мыңнан бастап 30 мыңға дейін тоқтылар бордақыға қойылса, мың бастан үш мың басқа дейін ірі қара әр шаруашылықта бордақыланатын. Сол сияқты ауыл шаруашылығының өзге де салалары бойынша республика көлемінде алдыңғы қатарлы аудандардың бірі болды. Бұл қажырлы еңбекті қажет ететін өте жоғары көрсеткіш, оған техника мен технология дамыған, бүгінгі айтулы жаһандану заманында да қол жеткізе алмай отырғанымызды ашық айтуымыз керек. Осының бәрі аудан тұрғындары мен Ақан сияқты білікті мамандардың еңбегінің арқасында болған ірі жетістіктер екенін мақтанышпен айтуға болады.

Тағы бір айта кететін жағдай, Оспанов Ақан 1984 жылдан ұйымдастыру және кадр бөлімін басқарып, ауданның қазіргі заманға сай кадр мәселесін қалыптастыруға өз үлесін қосты. Бүгінгі күні ауданда үлкен қызметте жүрген бірқатар лауазымды, абыройлы азаматтар сол кезде қызметтерін бастап, Ақанның тәлім-тәрбие алған-ды. Олардың ішінде бұрынғы Мәжіліс депутаттары, аудан әкімі Ермек Келемсейіт, Ш.Хахазов,

аудандағы ең үлкен мекеменің бірін басқарып отырған Т. Керімқұлов, АВТ-ның басшысы Б. Құсайынов, Сол сияқты ірі шаруашылықтарға жетекшілік етіп жүрген Амантай Раев, Алман Оспанов, марқұм Кузатбеков Бақытбек Құзатбеков, аудандық Әділет басқармасының басшысы М.Сағымбеков, қазіргі ауыл әкімдері Тайыржан Асмағұлаев, Мұрат Сейсенбеков, Бақыт Нұрелов, Ермек Нұрахметов сияқты көптеген білікті мамандар Ақанның тәрбиесін көріп, одан үлгі алды.

Елімізегемендік алған алғашқы жылдар біздің тарихымызда ең ауыр кезең болғаны белгілі. Бұрынғы одақ бойынша қалыптасқан экономикалық байланыстар үзіліп, халықтың тұрмыстық жағдайы тым төмендеп кетті. Сол кезде Ақан Ақатұлы аудан әкімі Ә. Ыбрайымолдаевпен бірге әр түрлі бөлім басшысы қызметтерін атқарып, 1992-1994 жылдары «Көмек» бюросын құрып, жекешелендіру мәселелерімен айналысып, ауданда алғашқы кәсіпкерлердің пайда болуына, оларға тиісті құжаттар жасап, тіркеуден өткізіп, ауданда сол жаңадан құрыла бастаған шағын және орта кәсіпорындар мен ша-

Ақан Ақатұлы халқына қызмет етуді осы күнге дейін жалғастырып келеді. Қолға алған істі жауапкершілікпен атқаратын Ақан биыл 2019 жылы екінші сайлауда осы қызметке қайтадан сайланды. Бүгінгі күні аудандық кеңестің 17 мүшесі бар. Қоғамдық кеңестің отырыстарында ауданда қордаланып қалған мәселелер көтеріліп, олардың шешімі табылып жатады. Тұрғындар қамын қарастыруды бірінші кезекке қойған бұл қоғамдық ұйымның беделі жоғары, әр түрлі мәселелер мен аудан әкімінің, оның орынбасарларының қала және ауыл әкімдерінің, бөлім, мекеме басшыларының есебі тыңдалып, құқықтық мәселелермен бюджет жоспарларының бекуіне өз оң ұсыныстарын беріп отырады. Қоғамдық кеңес билік пен халықтың арасындағы көпір, дәнекерші десе де болады. Тұрғындар өз талап-тілектерін осы қоғамдық ұйым арқылы әкімдікке жеткізіп, шешімін тауып тұрады.

Ақан Ақатұлы 1973 жылы Саудабаева Зәмзәмен отбасын құрып, үш қыз бір ұл көрді. Балаларының төртеуі де жоғарғы білім алған. Үлкен қызы Гүлжанат банк саласында көп жыл еңбек етіп, қазір мекемеде бас есепші. Екінші

руа қожалықтарының болашағына жол ашып, олардың дамуына тікелей ықпал етті. 1997 жылы аудан әкімі Ә.Ыбрайымолдаевтың ұсынысы бойынша аудан әкімінің экономика жөніндегі орынбасары болып, ол қызметте 2001 жылға дейін табысты атқарды.

Ауданда 1997-1998 жылдары алып сату бизнесі бәсеңдей бастады. Сол кезде халық қолында бар капиталын бизнес нүктелерін ашуға жұмсай бастады. Сол кезде Жаркент қаласы мен басқа елді мекендерде жаппай мейрамханалар, кафелер, қонақ үйлер, жағар-жанармай станциялары, ТЖО тағы басқа жеке кәсіп нысандары салына бастады. Ауданда үлкен крахмал-сірне зауыты, қап шығаратын, асфальт-бетон шығаратын карьерлер, басқа да кәсіпорындар бой көтерді. Осы тұста ауданда Қорғас халықаралық сауда ынтымақтастық ұжымы құрылып, Қытайға газ тартылып, теміржол салынып, Батыс Қытай – Батыс Еуропа тас жолы салынып, ауданның экономикасының өсуіне ықпал еті. Бұл іс әрине Қазақстан Республикасының Үкіметінің басшылығымен жоспарланса да, нақты іске асыруға аудан тұрғындары, аудан басшылары, онда отырған әр түрлі саладағы жауапты қызметкерлер мен мамандар атсалысты. Сол қайнаған шаруалардың белортасында өз үлесін қосып, ауданның экономикасы мен бюджетіне жауапты Оспанов Ақан да жүрді. Тәуелсіздік жылдары ауданда жаңадан тек 2013 жылға дейін 5 жаңа мектеп салынып, көптеген қоғамдық ғимараттардың жылу жүйесі жөндеуден өтіп, күрделі құрылыстар жүргізілді. Қаншама жолдарға асфальт төселіп, ауылдардың су жүйелері салынды. Бұның бәрі экономика және бюджетті жоспарлау бөлімінің жан жақты негізделіп дәлелденген іс жоспарлары арқылы жүзеге асатыны белгілі. Осы іске Ақан Ақатұлы жауапты болып жүрді.

2013 жылдың наурыз айында Оспанов Ақан зейнеткерлікке шықты. Бірақ, зейнетке шықты деп қарап қалған жоқ. Оның білімі мен тәжірибесін жоғары бағлаған аудан әкімдігі мен Қоғамдық кеңес мүшелері аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы етіп сайлады. Сөйтіп

қызы Қарлығаш Халық шаруашылығы институтын бітірген, кәсіпкер. Кенже қызы Қаламқас Эль-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін қытай тілі мамандығын бітіріп, кейін Қытайдың Далян қаласында 5 жыл оқып, сауда саласы бойынша магистратураны тәмамдап, қазір мамандығымен Алматыдағы ірі компанияда қызмет етеді. Ұлы Қанат әскери шекара институтын бітіріп, сол салада біраз жыл қызмет етті. Қазір азаматтық саладағы жұмысқа ауысты. Ақан мен Зәмзәгүл 4 ұрпағынан бүгінгі күнде 10 немере сүйіп отыр. Тұңғыш немересі Айгүл Асфендияров атындағы медицина академиясында оқиды.

Ақан Ақатұлының көп жылғы жемісті еңбегі елеусіз қалған жоқ. Ең бастысы – өзі туып өскен аудан тұрғындарының алғысына бөленді. Бұл ол үшін ең жоғарғы награда! Үкімет тарапынан 1982 жылы «Ерен еңбегі үшін», 2010 жылы «Астананың 10 жылдығы» медальдарымен марапатталып, 2012 жылы «Панфилов ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді. Өткен күнге өкпе жоқ, бүгінде отбасымен араласып, сыйласып, қиындықта қол ұшын беретін, қуанышын бірге бөлісетін көп достары, туған жерін түлетуді ортақ мүдде еткен аудан халқы бар. Бұл да көңілге үлкен медет.

Міне, еңселе 70 жасқа да келіп қалдық. Асыл жарың Зәмзәгүл екеуің қыздарыңды қияға, ұлыңды ұяға қондырып, тәтті де сүйкімді немерелер тәрбиелеп отырсындар. Сен тек немерелеріңнің атасы ғана емес, ел ағасы, алғыс пен абырой арқалаған ауданымыздың құрметті азаматысың. Панфилов ауданына сенің сіңірген еңбегің мол. Қажырлы қызметіңнің арқасында еліңнің шынайы ықыласына бөлендің. Ақан досымыздың жылдар жүгін ауырсынбай, өз мол тәжірибесі мен біліктілігін пайдаланып еліне әлі де қызмет етіп, өмірлік жары Зәмзәгүл екеуі бала-шаға, немерелерің қызығын көріп Алланы берген жасын жасап, ортамызда аман-есен жүре берурлеріңе шын жүректен тілектестігімізді білдіреміз.

Ақиқат мұхитынан ой маржанын сүзген ақпарат майданына қаршадайынан араласып, мұқалмас қайраткерліктің байрақ-туын көтерген қарымды қаламгер, білікті басшы қайран Жүкең, Жүнісбек Сұлтанмұратов досымыздың, бауырымыздың да пәни жалғанның қызығы мен шыжығын, мұңы мен зарын, қайғысы мен қуанышын артқа тастап, мәңгілік мекенге аттанғанына қырық күннің жүзі болыпты. Ал енді ілгері озған тынымсыз кешуде көшелі іс тындырып, соңына аталы сөз, қабырғалы қарекет қалдырған Жүкеңнің бекзат болмысын бағамдап, атқарған абыройлы шаруалары мен жамағатқа тигізген шарапаты туралы ой қозғау, оның бұл өмірде аяқтай алмай кеткен тірліктерін жеріне жеткізу ағайын-туыстың, жолдас-жораның, әріптестерінің борышы.



ТОПТАН ОЗҒАН ТҰЛПАР-ТЫН

«Шөп те шыққан жеріне шығады» дейді халық даналығы. Жүнісбек Қабыкейұлы Сұлтанмұратов ұлтымыздың ұлы тұлғалары өмірге келген Қостанай-Торғай өлкесінің тумасы. Болашақ мемлекет және қоғам қайраткерінің кіндік қаны тамып, үлкен өмірге аяқ басқан асыл мекені-қоғалы да қорықты Наурызым өңіріндегі Шолақсай ауылы өткен ғасырдың елең-алаңында «Оян, қазақ» деп исі Алаш жұртына жар салған Міржақып Дулатовтың самалды Қызбелінен таяқ тастама жерде. Одан-әрі ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлының әйгілі Ақкөлі жатыр толқындалып. Ғасырда бір туатын осынау рух және ақыл-ой алыптарымен аталастығы оның бойына қажырлы қайраттың, қарымды қайраткерліктің ұшқынын дарытты ма деп ойлайсың. Иә, Қазақ хандығының керегесін көтеріп, туын тіктеген Ермен мен Елемес бабалары, одан тараған ұрпақтар ақ найза, көк сүңгінің күшімен бөрілі байрақ астына жинаған ұлан-байтақ жер тағдыры, ұлыстың келешегі, ділі мен тілі, діні үшін бастарын бәйгеге тігіп, ел болмайтын ежелгі дұшпанмен қасықтай қандары қалғанша шайқасып өтті, сол сұрапыл айкастарда жандарын құрбан етті. Ерен ерлігіне кемел ақыл-ойын серік еткен қаһарман тұлғалар қайтпас қайсарлығымен, сұңғыла шешендігімен, көреген көсемдігімен сондарынан дүйім жұртты ерте білді. Иә, көшбасшы қайраткерлік атадан балаға қанмен беріледі. Осы қасиет Жүкеңнің бойында мол еді. Ол өзінің елге басшы болып, соңынан бір қауымды ерте алатындығын сол кездегі С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне оқуға түскен 1973 жылдың қоңыр күзінің алғашқы күндерінен-ақ көрсете білді. Дәстүрлі ауыл шаруашылығы жұмысында өзінің сымбатты кескін-келбетімен, сындарлы ой-пікірімен, сабырлы да салиқалы мінез-құлқымен құрбы-құрдастарының құрметіне бөленді, абырой-беделге ие болды. «Қыз мақтаған жігітті жұрт жақтаған» емес пе, оқу ордасының табалдырығынан енді аттаған жас буынға сын көзімен қарайтын ұстаздар қауымы да көп кешікпей Жүнісбектің алғырлығын, тындырымдылығын, бір сөзділігін мойындап, оған мыңдаған ығы «сен тұр, мен атайын» дейтін сайдың тасындай сайыпқырандар жиылған ұлт ғылымы мен білімі қара шаңырағының жастар ұйымын басқаруды жүктеді. Ол осылайша, көпшілікпен ұғынысуды үйренді, көшбасшылықтың қыры мен сырына қанықты. Тірлігіне тас түйін мығым Жүкең оқуда да жұрттан қара үзіп, қамшы салдырған жоқ, қаймана халықтың қолы жете бермейтін Лениндік стипендияны иемденді, сөйтіп, оқуды үздік, қызыл дипломмен бітірді. Сол кезгі астана — Алматыдан шалғайдағы Қостанайдан шыққан, өзінің білімі мен қажыр-қайратына ғана сенген өрімдей жастың бұл үлкен өмірдегі алғашқы ірі жеңісі еді.

Оқи жүріп, 1977 жылы кеңестік Қазақстанның ең басты баспасөз органы, туу

десе түкірігі жерге түспейтін «Социалистік Қазақстан» газетіне штатқа жұмысқа кірді. Аға басылымдағы журналистік жұмыс өзгеше-тін, мұнда жеті рет өлшеп, бір рет кесу, сөзің мен ісіне мұқият болу талап етіледі. Жүкең ақмылтық журналистер сынынан мүдірмей өтті, экономиканың, әлеуметтік өмірдің толғақты мәселелері көтерілетін азулы мақалалары оқырман қауым ықыласына бөленді. Республика жұртшылығы біліп үлгірген, жиырма беске де тола қоймаған бозбаланы министрлік, облыс, аудан басшылары құрметтеп қарсы алып, әспеттеп шығарып салатын. Ал, мұндай танымалдықтың Жүнісбек Қабыкейұлы кейіннен республикалық жастар одағы орталық комитетінде, Қазақстан компартиясының орталық комитетінде басшылық қызметтер атқарғанда себесіні мол болды дей аламыз.

Қазақ журналистикасының, саяси ой тәжірибесінің тарихында Жүнісбек Сұлтанмұратов тоталитарлық билік құрсауынан босанып шыққан ел билігінің жұртшылықпен байланысын жолға қойған ілкі тұлғалардың бірі ретінде қалады. Ол Компартия орталық комитетінің алғашқы баспасөз орталығын басқарған журналистердің бірі әрі бірегейі. Елбасы Мәскеуде өткізген тұңғыш баспасөз мәслихатын басынан-аяғына дейін ұйымдастырып, сол жиыннан еліміздің орталық басылымдары «Егемен Қазақстан» мен «Лениншіл жасқа», ҚазТАГ-қа телефон арқылы литерлік хабар жеткізген алғашқы журналист осы Жүкең болатын. Тәуелсіздікке қолымыз жеткен 1991 жылдан Жүнісбек Қабыкейұлы Қазақстан Президенті баспасөз қызметі жетекшісінің орынбасары, кейіннен Премьер-министр баспасөз қызметінің жетекшісі болды. Жүкеңнің журналистермен жұмыс істеудегі тәжірибесі, спикерлік қолтанбасы әлі де зерттеледі, университеттерде «Қоғаммен байланыс» мамандығы бойынша білім алып жатқан жас ұрпақтың игілігіне айналады деген ойдамын. Жүнісбек Қабыкейұлы сондай-ақ әр жылдары Қазақстан Премьер-министрінің кеңесшісі, Мемлекеттік хатшылығының меңгерушісі сынды биік лауазымдарда еңбек етті. Дипломатиялық жұмысты да абыроймен атқарды. Осы аталған қызметтердің қай-қайсысында болмасын, Жүкең өзіне тән қарапайымдылығынан, елгезектігінен танған жоқ, қанатымен су сепкен қарлығаштай еліне, жұртына қалтқысыз еңбек етуге ұмтылды.

Топтан озған, өз заманының елеулі, кадрлі тұлғасы болған Жүнісбек Қабыкейұлының соңында қалдырған шығармашылық мұрасы әлі-ақ халқымен қауышар. Үзеңгілес достарының, қаламдас қауымның, ағайын-туыстың ендігі міндеті Жүкеңнің асыл бейнесін сағынышпен еске алу, оның кіндік кескен жұртына, ұрпағына тілектес болу.

Жетпісбай БЕКБОЛАТҰЛЫ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
профессоры

АСТЫҢ ШАПАҒАТЫ – АУЫЛҒА ЖОЛ САЛЫНАДЫ

Жақында жер жәннаты Жетісуда, жазиралы Жаркент өңірі, қоңыржай Қоңырөлеңнің ырысты Ынталы ауылында дүрілдеген ас өтті.

Ас Рақымбай Мырзаұлына арналды. Атамыздың әуауын тербеткен асқа алыс-жақыннан 250-дей ел қатысты. Алдымен Рақымбай атаға арнап имам Тұрлыбек Қорғасбек Құран бағыштады.

Аста алғашқы болып сөйлеген белгілі жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Бексұлтан Нұржекеұлы қазақ халқының ас беру дәстүрі еш елде кездеспейтін зор құндылық екеніне тоқталды. Ынталының бар жақсылыққа ынталы халқына ризашылық білдірді. Асқа қатысып отырған Алматы облысы Панфилов ауданы әкімі Темірлан Бектасов мырзаға қаратып: «Жаңа анау үлкен жолдан осы Ынталы ауылына дейін 12 шақырым жол қиын екен, екеуіміз де қиналып жеттік. Енді осы екі араға жол



«Тезек төренің бас биі Қожбамбет бидің аты көрнекті жазушы Сәуірбек Бақбергеновтың қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов туралы «Ақ боз ат» атты романында аталады. Иә, жер жаһанды аралаған ұлы Шоқан тек жер жәннаты - Жетісудан жар таңдайды. Мен де Жетісуға күйеу баламын, өзім Оңтүстікте, Түркістан облысы, Шардара ауданында туып өскемін. Оңтүстіктік жазушы Сәуірбек Бақбергеновтың кітабын осы Қоңырөлеңге, қайыңжұртқа келгенде Мырзаның алты баласының бірі, кезінде арғы

да болып, өнегелі өмір сүрген Рақымбай атамыз да өзінің және інілерінің балаларына Исламнұр, Исламжан, Исламбек, Исламбай деген аттар қойыпты. «Алтау тапқан ананы, ханым десе болады» дегендей, Кұлжамал апамыз екеуі бес ұл, бес қыз — он бала тәрбиелеп өсірген. Ұлдары ұяда, қыздары қияда, әрқайсысы өз несібесін теріп жеп жүр. Әулеттің үлкені Әсет ағамыз Панфилов ауданында басшылық қызметтерде болып, Денсаулық сақтау министрлігінде құрылыс саласын басқарды. Кейін Президент Іс басқармасына қарасты емханада басшылардың бірі болып, зейнет демалысына шыққан ел ағасы.

«Жақсыдан шапағат» деген, міне, Рақымбай атамыздың асында да ауылға шапағаты тиіп жатыр. Жаңа қазақтың әйгілі жазушысы Бексұлтан ағамыз бастап берген ауылға жол салу мәселесі де құдай қаласа шешіледі деп отырмыз. Қазір үстел басында әңгімелесіп отырғанда аудан әкімі Темірлан бауырымыз Ынталыға жол салу жоспарының техникалық негіздемесін қолға алып жатқандарын айтты. Ендеше, ынталылықтар, ауылдарыңызға айнадай жол түсіп қалуы да ғажап емес. Біз осы асқа Рақымбай атамыз туралы мақала бастырып алып келген елге белгілі республикалық «Қазақ үні» газетімізге енді «Бексұлтан ағамыз айтты-аудан әкімі Темірлан темірдей уәдесін берді» деп жазып жіберетін боламыз. Шегінерге жол жоқ!

Осы Қоңырөлең ауылынан үш аудан әкімі шыққанын ел жақсы біледі. Олар Әділшайық Ыбыраймолдаев, Ермек Келемсейітов, Бердәулет... Сол үшеуі де ауданды басқарып тұрып, ауылдарына сала алмаған жолды Темірлан бауырым, өзіңіз салсаңыз тарихта қаласыз! Қазаққа айтылатын «Қасым салған қасқа жол, Есім салған ескі жол» дегендей, енді құдай қаласа, «Темірлан салған тегіс жол», — дейтін боламыз.

Ақын Қазыбек Исаның сөзін асқа жиналған қалың ел бірауыздан қолдап, зор ризашылығын білдірді.

Ас соңында Әсет Мырзаұлы алыс-жақыннан арнайы ат арытып келген елге рахмет айтты.

Астан кейін көкпар тартылды. Көкпардың батасын көрнекті жазушы Бексұлтан Нұржеке берді.

Рақымбай Мырзаұлы атаның асы ел рухын көтерген ерекше дүбірлі, Рухани жаңғырған игілікті іс-шара болды.



салып берсең, ел риза болар еді», — деп ынталылықтардың аманатын жеткізді.

Одан кейін сөйлеген аудан әкімі Темірлан Бектасов астың ел рухындағы ерекше рөліне тоқталып, аудандағы Рухани жаңғыру саласындағы істерді тілге тиек етті. Ынталыға салынар жолды алдағы уақытта жоспарға кіргізуге күш салатынын айтты.

Белгілі ғалым, филология ғылымы докторы, профессор Сәрсенбі Дәуіт ас беріліп жатқан Рақымбай Мырзаұлының бабасы, әйгілі Қожбамбет бидің Тезек төренің бас биі болғанын, Бақтыбай ақынды Тезек төренің қаһарынан сақтап қалып, ақындық жолына бата бергенін әңгімеледі.

Содан соң сөйлеген Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, біраз жыл Қазақстан Суретшілер одағын басқарған Байтұрсын Өмірбек, белгілі жазушы Жүсіпбек Қорғасбек, биология ғылымының докторы, профессор Айып Ысқақ, ел ағалары Ақан Оспанов, Тұрлықожа Морынбаев, Сатымбек, Нұрилла т.б. ел ішіне келіп ас өткізіп отырған Әсет Мырза мен Рақымбай әулетіне алғыстарын айтты.

Өз сөзінде ақын, таяуда құрылған ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Кеңес мүшесі, «Ақ жол» партиясы төрағасы орынбасары, «Қазақ үні» газеті президенті Қазыбек Иса да ұлттық дәстүрлердің зор құндылығын айтты:

бетте Сүйдінде қазақтың әйгілі әншісі, досы Дәнеш Рақышты түрмеден шығарып алған қайынатам Ботайдың үйінен қалың кітаптың ішінен тауып алып оқыған едім.

Анау жылы Қоңырөлең ауылындағы жалпы мектепке Қожбамбет бидің аты берілгенде арнайы шақырумен келіп қатысып, құттықтап қайтқан болатынбыз.

Қожбамбет би туралы Сәрсенбі ағамыз толық, жақсы айтып кетті. Мен енді «Мың жылқылы Мырза» атанған атамыз туралы қысқаша тоқтала кетейін.

Мырзаның мың жылқысы өзенге суға құлағанда аяқтағы елге су жетпей қалады екен» деген сөз ел ішінде тегін тарампаған болса керек. Өйткені Кеңес үкіметі орнамай тұрғанда осы жерді зерттеген ресейліктердің картасында «Мырза қыстауы» деп сақталғаны анықталды.

Біз алғаш осы елге күйеу бала болып келгенде аппақ кимешек киген ажарлы апа-әжелер қаз қатар тізіліп отырып ескіден есті әңгіме қозғайтын. Сонда жазда жайлауға Мырзаның алты баласы кілең жүйрік аттармен серуенге шыққанда әдемі орамалдарымызды тартып шығып, қарайтынбыз» дейтін.

Алладан рақым күткен Мырза атамыз алты баласының төртеуінің атын Рақымжан, Рақымбай, Рақымберді, Рақымберген деп қойыпты. Екеуін Бейісбай, Зейнеғабиден атапты. Сондай-ақ иман жолын-

Табыс	Неміс өзені	Бас терісі	Ешкі	ТАСС	Скиф қылышы	Газ	Теңіз	Аралас нәсіл
				Жуыну				
Жеміс		Шағын					Алмұрт терізді жеміс	Ақбөкен
Найзағай				Орыс адмиралы				
	...- ұйқыш				Шешендік өнер	Ток шамы	Сірке "туысы"	
	Өуені зертеуші	Жала	Бастау	Қураған шөп			Шымкент, Алматы	Кофи ...
				Бөгелек	Шарап түрі			
	Тоғыз дегенім ...	Иордания астанасы				Бейіт		Үнді князі атағы
	Хим. элемент	Ар	Аманат	Өн жазуы	Ұшақ сатысы	Йемен астанасы		
			Оқа	Күн кесем			...- кішкентай	Мұңшер
	Айыбын өтетү					Асыл тас	Франция қаласы	
					Айша ...			Тышқан түрі
Ислам мектебі	Қыс көлігі	Тойымсыз (син)	Үлкен қап	"Ертіс" бапкері	Үлкен ата			Ғашықтық
			Селин ... (өнші)		Суық қару		...- сіңілі	
	Жол сандық	Резина труба			Келісім			... мен тер (роман)
			Егіс құралы	Быршы (син.)		Монғол малшысы	...- қарта	... Тоқамбаев
	...- сарқ	Скрипка шебері			Женібек			
	Тоты				Туфли "өкшесі"			
	Вариант	...- жұлақ			... Әбілдина	Қызылорда ауданы		
				Зил		Мұхит		

Дайындаған: Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

Бір ауылда ұзақ мезгіл жауын жаумапты. Содан ел ағалары жиналып, құрбандыққа мал шалып, тасаттық беріпті. Ертесіне жаңбыр көрші ауылға жауады. Содан қайыра мал сойып, екінші мәрте тасаттық береді. Бұл жолы жаңбыр келесі ауылдың үстінен құйып өтеді. «Бұл қалай болды» деп Құдайға жалбарыну үшін олар мешітке барады. Сонда имам оларға: «Сіздер өз ауылдарыңыздың малын союларыңыз керек еді», – деген екен...

МАИ инспекторы «Мерседес» көлігін тоқтатады. Көлік тоқтағанмен, одан иесі түсе қоймайды. Инспектордың шыдамы таусылып, көлікке жақындап: – Әй, неге шықпайсың?! – дейді. Көлік иесі терезені ашып: – Ақша саған керек пе, әлде маған ба? – деген екен...

Баяғыда қатты ауырып ауруханада жатқан шал кемпіріне айтыпты: – Кемпір, мен бүгін-ертең о дүниеге бақиға аттанамын, – депті. Кемпір болса, еңіреп жылап қоя беріпті. Сол кезде шал: – Әй, кемпір, сен босқа жылама. Сенен сұрайын дегенім: екеуміз отасқанымызға 60 жыл болыпты. Осы 60 жылда олай-бұлай болып, менің көзіме шөп салған жоқсың ба? Егер шөп салған болсаң неше мәрте салдың? Одан да маған соны айт! – депті. Сонда кемпірі: – Әй шал-ау, айтуын айтамын ғой, егер сен өлмей қалсаң қайтемін? – деген екен...

Бір қазақ боксер рингке шыққан сайын: «я аруақ!» деп айқайлап шығады екен де, жеңіліп қалады екен. Екінші рет тағы да «аруақ, аруақ!» деп шығып тағы да жеңіліп қалыпты. Үшінші рет тағы да: «Аруақ! Иә, аруақ!» деп рингке шығып, тағы да ойсырай жеңіліп қалыпты. Сөйтсе ғайыптан бір ақсақалды шал пайда болып: – Әй бала, сен әрқашан рингке шыққан сайын «аруақ-аруақ!» деп бізді мазалап айқайлай бергенше, бір уақыт дайындалмайсың ба! – деген екен.

№31 санда шыққан сөзжұмбақтың жауабы

А	Б	Ы	Н	Ы	П	О	С	О	Ү				
		З		А	Д	О	С	С	А	Т	У		
А	П	А	Ж	А	Н	А	Қ	С	А	И	І		
Р	Қ	Қ	А	С	Қ	Ы	Р	П	А	Р	Қ		
Ы	О	Ы	Ұ	Р	Ә	К	Ө						
З	О	Р	Қ	А	Л	М	А	С	Ш	Т	А	Б	
	Л	Қ	М	У	З	А	Р	Т	И	Л	Е		
Л	Е	Н	А	А	И	Н	Т	Е	Р	В	Ь	Ю	
	Г	Ж	Ә	Л	Е	Л	О	И	Б				
Б	Ж	Ы	Н	Г	Ү	К	Л	О	Д				
Р		М	Е	Ж	Е	Р	Қ	О	И	М	А		
Ю		А	Е	С	П	Е	А	Т	Л				
Г	И	Б	С	О	Н	Л	И	С	Т	О	В	К	А
Г	И	А	Т	П	А	Ы	С	А	Р	И			
Е	Р	С	І	З	Н	Қ	Ұ	Л	Е				
	А	И	Ө	Т	П	О	М	П	А				
	Д	Ж	У	С	И	А	Б	А	С	А	С		
Г	А	У	Р	В	И	Ц	Е	А	Т	Л	А	С	
	А	Н	К	А	И	Р	И	С	А	Ш	А		
А	С	А	Н	О	Я	Н	У	А	Й	Ы	М		

Кофені көп ішіп қойсаңыз...

Кей адамдар өмірін кофесіз елестете алмайды. Ол аз ұйықтап, ұзағырақ жұмыс істеуге көмектеседі және десертпен жақсы үйлесім табады. Кей адамдар байқамай көп ішіп қояды. Кейін кофенің артық мөлшері өзінің жағымсыз әсерлерін бере бастайды. Мұндай жағдайда не істеу керек?

Кофеин ұйқышылдықтан арылтып, жүйке жүйесіне себепші болады. Сонымен қатар, ол тамыр соғуын жылдамдатып, адреналин бөлінуіне ықпал етеді. Егер оны орынды мөлшерде ішсеңіз, әрине, бұл қасиеттердің адамға пайдасы бар. Бірақ кофеиннің артық мөлшері адамды барлық нәрсеге сезімтал етіп жіберуі мүмкін. Мысалы, мазасыздық пен қорқақтықты арттырып жібереді. Кофені көп ішіп қойғаныңызды білдіретін белгілер: - тыныс алу проблемасы;



- кеуде тұсының ауыруы;
 - жүрек айну;
 - жүректің жылдам соғуы.
- Орташа мөлшер – күніне 400 мг кофеин: ол шамамен 4 кесе кофе болады. Бірақ кей кофеханаларда бір шыны аяқ кофеде 4 кеселік кофеин мөлшері болады.

Егер кофені көп ішіп қойсаңыз, қандағы кофеин деңгейі жартылай азаюы үшін шамамен 9,5 сағат қажет. Бірақ бұл сіз 9 сағат бойы жағымсыз әсерден құтыла алмайсыз деген сөз емес.

Артық кофенің ағзаға тигізетін жағымсыз әсерінен арылу үшін былай жасаңыз:

- Біріншіден, қарапайым су іше беріңіз. Ол артық кофеиннің кей белгілерін жеңілдетуге және ағзаға онымен күресуге көмектеседі.

- Екіншіден, спортпен айналысыңыз. Жаттығулар ағзадан кофеинді жылдам шығаруға көмектеседі.

- Үшіншіден, калийге және магнийге бай өнімдер жеңіз. Мысалы, банан. Кофеин ағзадағы осы элементтерді сіңіріп алады, сондықтан, кофені өте көп ішкен кезде қолдарыңыз дірілдей бастайды.

Кезінде «Қош бол, альбом» атты әңгімелері мен повестері, кейін «Перизат сезім», «Қыз күнделігі», «Жанарым – жарық дүнием» сияқты хикаяттарымен танылған жазушы Еркінбай Әкімқұлов дүниеден озыпты. Ол әйгілі композитор Шәмші Қалдаяқовпен өмірінің отыз екі жылын бірге өткізіп, композитор бақилық болғаннан кейін оның барлық шығармашылығы мен тіршілік тынысын қайтадан терең зерттеп, «Шәмші Қалдаяқов – ән патшасы» атты роман-эссе жазған еді.

ШӘМШІНІҢ ДОСЫ ЕДІ

немесе соңғы сұхбат



қоңырқайлау күйде қабылдады – деп жазыптын. (Әдебиет порталы. 31 қазан. 2018 ж.).

Сондай-ақ біз кезінде республикалық «Қазақ үні» газетінде жазушының «Ән қанатында. Шәмші Қалдаяқовтың монологі» деп аталатын эссесін жарияладық.

Еркінбай Әкімқұловты 1937 жылы 4 қыркүйекте Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Балтақөл ауылында туғаны. 1959 жылы Қазақ Мемлекеттік университетін бітірген соң, республикалық «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, Алматы қалалық партия комитетінде нұсқаушы, «Жазушы» баспасында редакция меңгерушісі, Қазақ радиосында аға редактор, «Жалын» баспасы бас редакторының орынбасары, «Рауан» баспасында редакция меңгерушісі, редактор, «Кітап жаршысы» («Друг читателя») басылымында Бас редактор болып істеген.

Поляк жазушысы Януш



Корчактың «Қайта оралған балалық» повесін, татар жазушысы Р. Мұстафиннің «Кішкентай Мұса» повесін қазақшаға аударған. 1983-1989 ж.ж. «Ты – мой светлый мир», «Дневник девушки» деген атпен екі кітабы орыс тілінде жарық көрген. Мақтаарал ауданының құрметті азаматы.

Шығармалары: Қарақозы Әбдіәлиев. Очерк. А., «Жазушы», 1969; Қазақтың жас ақындарының творчествосы. Әдеби-сын мақалалары. А., «Жазушы», 1972; Даңқым – дәуірім. Очерктер. А., «Қазақстан», 1974; Қош бол, альбом. Әңгімелер мен повестер. А., «Жалын», 1976;

Перизат сезім. Повестер мен әңгімелер. А., «Жалын», 1980; Жанарым – жарық дүнием (орыс тілінде). А., «Жалын», 1983; Қыз күнделігі. Повестер. А., «Жазушы», 1985; Жанарым – жарық дүнием. Таңдамалы. А., 1990; «Жанарым – жарық дүнием» (орыс тілінде). Повестер. А., «Арқас», 2001; Таңдамалы шығармалары, 2 томдық. А., «Арқас» 2003; Өзбекәлі Жәнібеков. Ғұмырнамалық деректі хикаят. А., «Қазақстан», 2006.

Бақұл болыңыз, Еркінбай аға!

Құлтөлеу МҰҚАШ

■ КИТАПТАН ҰЗИНДИ

ӘН ҚАНАТЫНДА

Шәмші Қалдаяқовтың монологі

Ұстазым Василий Великанов өте жайдары, бауырмал кісі болып шықты. Әнді пианинода тартып көріп, қарап-қарап шыққан соң, қолымды алды:

– Дорогой друг, ученик мой, поздравляю вас! Мына әнііз төгіліп тұрған мелодия ғой, Бағын байламаңыз. Тексін жаздырыңыз да, орындаушысын тауып, радиоға шығыңыздар. Немедленно, мой совет...

«Жақсы сөз – жарым ырыс». Төбем көкке жеткендей. Енді қайттім? Ақынды қайдан іздеймін? Жан саскалаққа түстім. Сөйтіп консерваториядан дәрістерді тәмәмдап, енді бір тамақтанып алмақ оймен, қарсы адым жердегі «Алматы» мейрамханасына соқтым. Әлденіп, қуаттанып алмақ ойым. Қалта қалың емес, сонда да. Ыстық тамақ іздеп, қатқақтап жүретін студент бейшара-ай. Орын іздеп келемін. Залда түс мезгілі болған соң ба, адам көбірек. Жоғары таман екі кісі отыр екен. Орта

жастағы әдемі киінген, сымбатты кескінді кісілер.

– Ағалар, жандарыңыздағы орын бос па екен? – дедім қиылып өтінгендей.

– Бос, бос, отыр, қалқам! – деді мұрты қияқтай, қыр мұрынды кісі сыпайы мәдениетпен.

Сәлем беріп амандастым. Жалма-жан жүгіріп келген даяшы қызға «жұқа» ғана заказ бердім. Борщ, котлет, шай... Анау кісілер мез боп күліп, әңгімелесіп отыр. Анда-санда көз қиықтарымен бір қарап қояды. Ас келген соң қарын әбден ашқан, асығып, аптығып бас көгермей ішіп алдым да, шайды күттім. Сонда барып бақылап отырғандай мұртты ағай:

– Жігітім, қарның ашып қалыпты ғой. Төпеп салдың, – деді жымиып. – Бізбен бірге сыра іш... шайды неғыласың?!

– Жо-жок, рақмет, ағай! Маған шай да болады.

– Жақсы жігіт екенсің. Ағаларыңнан дәм татсаң – жаман болмасың. Біз Ізтай аға екеуіміз



– ақындармыз. Жаңа одақтан шығып, осында бір әңгіменің, өленнің отын жағайық деп келіп едік...

Көктен тілегенім – жерден табылғандай. Әніме өлең жаздырсам деп, іздегенге – сұраған, «мақұл» деп жабыса кеттім.

– «Мақұл» дегеніне қарағанда, оңтүстіктің қазағы болдың-ау?! Оңтүстіктің жігіттері қолы ашық, мырза келеді.

Нені меңзегені түсініксіз. «Мейлі сөйлесіп көрейін».

– Ағалар, мен консерваторияда оқимын. Кешіріңіздер, жазған бір әнім бар еді. Соған мәтін таба алмай жүрмін. Көмектеспейсіздер ме?..

Екеуі де бірден шақ-шақ күлді. – Сен, тегін жігіт емес екенсің.

Қане, жайлап әніңді айтып көрші? – Бұл жерде болмайтын шығар, – дедім мен. – Рұқсатсыз, ұят болмасын...

– Ұят болмайды, ыңылдап айта бер. Біз талай әндерге текст жазғанбыз. Мен – Қуандық Шанғытбаев деген ақынмын. Мынау ағаң – Ізтай Мәмбетов.

– Жақсы, жақсы, көкелер. Бәсең үнмен жайлап, айтып шықтым. Ұнағандай, екеуі елең ете қалды.

– Атың кім? – деді Қуандық ағай шыдамай.

– Ш-ш-Шәмші... Қ-қ-Қалдаяқов.

– Сен саспа, бала! Қазір ресторанның шыққан соң ойластырамыз. Мына Ізағанның етегінен ұста.

– М-м-мақұл.

– Ән не туралы?

Ол өткір қой көздерімен маған қарады. Қорқып кеттім.

– Бір жігіттің жан сыры: өзі жайлы, ғашық болған қызы туралы.

– Әу, мынауың не дейді! Тура сенің тақырыбың ғой, Ізтай.

– Иә, бауырым, көрейік. Тағы бір орындашы. Орындадым.

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Редакторлар кеңесінің төрағасы –
Қазыбек ИСА

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ
Бас редактордың бірінші орынбасары – Зейнолла АБАЖАН
Бас редактордың орынбасары – Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ

Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ
Бөлім редакторлары:

Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Астана тілшілер қосыны:

Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
(8-702-931-89-86)
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)

Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҮРМАН
(8-702-688-84-87)

Алматы облысы:
Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
Мырзағали НҮРСЕЙІТ (8-701-771-6496)
Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)

Батыс Қазақстан облысы:
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА
(8-701-111-61-05)

Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

Сәтбаев қаласы:
Абдолла ДАСТАН
(8-71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)

Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

Қостанай облысы:
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)

Маңғыстау облысы:
Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)

Түркістан облысы:
Әбдіғалпар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

Түркістан қаласы:
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

Атқарушы директор – Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Тарату бөлімі:

Астанада:
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)

Шымкентте:
Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

Астанада «Алты Алаш» (87015728847)
дүңгіршіктерінде сатылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген.

Күрәлі №13976-Г (Алғашқы күрәлік №1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.

Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.

«Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail.com

www.qazaquni.kz

Кезекші редактор – Зейнолла АБАЖАНОВ

ТОО «Қазақ үні»

БИН 000540006784
ИИК KZ50856000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»

г. Алматы, БИК КСВКЗКХ, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ., С. Мұқанов к., 223 б.

Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген

ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 ай	қала	379,24	3 ай	қала	1137,72	6 ай	қала	2275,44	12 ай	қала	4550,88
1 ай	ауыл/аудан	397,86	3 ай	ауыл/аудан	1193,58	6 ай	ауыл/аудан	2387,16	12 ай	ауыл/аудан	4774,32